Высшим компонентом личности является профессиональная компетентность. Под профессиональной компетентностью принято понимать интегральную характеристику деловых и личностных качеств специалистов, отражающую уровень знаний, умений и навыков, опыта, достаточных для осуществления определенного рода деятельности, которая связана с принятием решений. При рассмотрении профессиональной компетентности учителя на первый план ставится личность самого педагога. Так, прежде всего, личность учителя – ее ценностные ориентации, смыслы, идеалы – определяют сущность педагогической деятельности.

*Ключевые слова:* личность, компетенция, педагогическая компетентность.

*Annotation*

The highest individual component is professional competence. Under the professional competence is understood as integral characteristics of business and personal qualities of specialists, reflecting the

level of knowledge, skills, experience, sufficient to produce a certain kind of activity that is related to decision-making. In reviewing the professional competence of teachers in the forefront put the personality of the teacher. So, first of all, the personality of the teacher - its values, meanings, ideals - define the essence of teaching.

*Keywords:* personality, competence, pedagogical competence.

Дамушы қоғамға өз бетімен жауапты шешім қабылдай алатын, мүмкін болатын салдарларын болжай алатын, ынтымақтастыққа икем тұратын, ұтқырлығымен, сындарлығымен ерекшеленетін, елдің тағдырына жауапкершілікпен қарайтын заманауи тұрғыдан білім алған, адамгершілігі мол, іскер адамдар қажет. Мұндай сапаларға тек құзыретті және өздерінің күштеріне сенімді адамдар ғана қол жеткізе алады.

Жас маман «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарының ара жігін ажырата білуі керек. Бұл ұғымдар психологиялық-педагогикалық қызметте қолданылады, алайда аталмыш терминдердің табиғатын түсінуде бірізділік жоқ.

Е.В.Бондаревская, А.А.Деркач, И.А.Зимняя, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Н.В.Мясищев, Л.А.Петровская және басқа да ғалымдар құзыреттіліктің әртүрлі жіктемелерінің авторлары болып табылады. Біреулері «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын оқытудың соңғы нәтижесін сипаттау үшін, ал басқалары тұлғаның әртүрлі қасиеттерін бейнелеу үшін қолданады.

Құзыреттілік ұғымына «Энциклопедиялық сөздікте» төмендегідей анықтама беріледі: «**Компетенция** (лат. *competentia*) – это круг вопросов, в которых человек хорошо осведомлен, обладает познаниями и опытом; следовательно, компетентный в определенной области человек обладает соответствующими знаниями и способностями, позволяющими ему обоснованно судить об этой области и эффективно действовать в ней» [1,44].

Шет тілдер сөздігінде құзыреттілік (лат. *competere* – қол жеткізу, сәйкес келу) төмендегідей баяндалады:

– круг полномочий, представленных законом, уставом или иным актом конкретному органу или должностному лицу;

– знания, опыт в той или области [2,56].

С.И. Ожеговтың орыс тілі сөздігінде құзыреттілікке: «круг вопросов, в которых кто-нибудь хорошо осведомлен» [3,84] деген анықтама беріледі.

Л.В. Занина мен Н.П. Меньшикова синоним ретінде қолданылып жүрген «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының ара жігін қарастырады:

– компетенция – включает совокупность взаимосвязанных качеств личности (знаний, умений, навыков, способов деятельности), задаваемых по отношению к определенному кругу предметов и процессов, необходимых для качественной, продуктивной деятельности по отношению к ним;

– компетентность – наличие у человека соответствующей компетенции, включающей его личностное отношение к ней и предмету деятельности [4,78].

Ғылыми-әдістемелік әдебиетерде құзыреттілікке төмендегідей дәстүрлі сипаттамалар берілген:

– саяси және әлеуметтік, демократиялық институттардың қызмет жасауы мен дамуына қатысу;

– көпмәдениетті қоғам өміріне қатысты, толеранттылықты қалыптастыру, басқа мәдениет пен конфессия өкілдерін қабылдауға даярлық;

– тұлға аралық қарым-қатынаста, сондай-ақ кәсіби қызмет пен қоғамдық өмірге қажетті бірнеше шет тілдерін меңгеруді анықтау;

– ақпараттық қоғамның қалыптасуымен байланысты: жаңа технологияларды игеру; БАҚ каналдары және Интернет бойынша ақпарат пен жарнамаға сыни талдау жасауға икемділік;

– өмір бойы кәсіби тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ жеке және қоғамдық өмірде оқу қабілетін жүзеге асыру [4, 112].



С.Шишов пен В.А.Кальнейдің айтуы бойынша, құзыреттілікті біраз жинақталған білімдер мен дағдылар арқылы анықтауға болмайды, өйткені оның көрініс табуы көбінесе жағдайға байланысты. Құзыреттілікті талқылау кезінде назар нақты бір жағдаятқа аударылады. Қандай да бір жағдаятта құзыреттілік көрініс тапса, ол туралы айтуға болады, көрініс таппаған құзыреттілік құзыреттілік болып табылмайды, бұл тек жасырын мүмкіндік қана. Құзыретті маман, соның ішінде педагогикалық қызметте құзыретті маман болу үшін оның тірек құзыреттіліктерін (базалық және арнайы) игеру қажет.

А.В.Тряпицынның айтуы бойынша, тірек құзыреттіліктер бұл кез келген заманауи маманның әлеуметтік-өнімді қызметі үшін қажет жалпы құзыреттіліктер. Базалық құзыреттіліктер белгілі бір кәсіби салада көрініс табады, арнайы – белгілі бір педагогикалық іс-әрекетті орындау және қандай да бір мәселені немесе кәсіби міндетті шешу кезінде байқалады.

А.К.Маркова құзыреттілікті кәсіптің талаптарына сәйкес келетін жеке ұғым ретінде қарастыра келіп, құзыреттіліктердің бірнеше түрін бөліп көрсетеді:

- арнайы құзыреттілік (специальная компетентность) жеткілікті жоғарғы деңгейде жеке кәсіби қызметті игеру, өзінің болашақтағы кәсіби даму деңгейін жобалау мүмкіндігі;

- әлеуметтік құзыреттілік (социальная компетентность) – бірлескен кәсіби қызметті, сондай-ақ сол кәсіби қызметтегі кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін білу; өзінің кәсіби еңбегіне деген әлеуметтік жауапкершілік;

- тұлғалық құзыреттілік (личностная компетентность) – тұлғалық өз ойын білдіру мен өзін дамыту тәсілдерін игеру;

- жеке құзыреттілік (индивидуальная компетентность) – кәсіп аясында өз бетімен жұмыс жасай алуы білу, кәсіби тұрғыдан өсуге деген даярлық.

Құзыреттілікті кейде қандай да бір жұмысқа деген кәсіби даярлық деңгейін көрсететін, белгілі бір қызмет түрінде еңбек қызметтерін орындауға мүмкіндік тудыратын, қызметкер

қабілеті дамуының деңгейі ретінде түсіндірілетін біліктілік ұғымымен шатастырады. Қызметкер біліктілігінің көрсеткіші біліктілік разряды (класс, категория) болып табылады, бұл оған кәсіптің тарификациялық-біліктілік талаптарына сәйкес белгілі бір кәсіп бойынша беріледі.

Енді педагогтің кәсіби құзыреттілігіне тоқталайық.

Кәсіп өзіндік мақсатқа ие, өзіндік өнімі, нормалары мен құралдары бар қызмет. Е.И.Роговтың айтуы бойынша, адамның кәсібилігі – бұл психофизиологиялық, психологиялық және тұлғалық өзгерістердің жиынтығы. Е.И.Рогов кәсібилікті қалыптастырудың негізгі үш бағытын көрсетеді:

1) қызметтің бүтін жүйесін, оның қызметтерін және иерархиялық құрылымының өзгерісі. Тиісті еңбек дағдыларының қалыптасу барысында кәсіби шеберлік баспалдақтары бойынша тұлғаның өсу қабілеті байқалады, қызмет атқару тәсілдерінің арнайы жүйесі дамиды, қызметтің тұлғалық стилі қалыптасады;

2) субъекті тұлғасының өзгеруі;

3) қызмет объектісінің қарым-қатынасы бойынша субъектіні табуының сәйкес компоненттерінің өзгеруі, бұл төмендегідей салаларда көрініс табады:

- когнитивтік – объект туралы ақпараттылық пен оның маңыздылығын түйсіну деңгейі;

- эмоционалдық – объектіге деген қызығушылық;

- практикалық – объектіге ықпал ету үшін өзінің шынайы мүмкіндіктерін түйсіну [5,76].

Кәсіби құзыреттілік – тұлғаның жекелеген қасиеттерінің жиынтығы. Мұғалімнің құзыреттілігі қызметті ұзақ уақыт бойы атқару үдерісінде дамиды.

«Педагогтің кәсіби қызметі» және «педагогикалық қызмет» терминдерінің мағыналық жүгі бірдей, екеуі де мұғалімнің кәсібі дегенді білдіреді. Сондықтан да «педагогтің кәсіби құзыреттілігі» және «педагогикалық құзыреттілік» ұғымдарын синоним ретінде қарастыруға болады.

«Педагогтің кәсіби құзыреттілігі» ұғымы педагогикалық міндеттерді өз бетімен және



тиімді шешуге мүмкіндік беретін мұғалімнің, тәрбиешінің жеке сапаларын білдіреді. Ал, педагогтің педагогикалық құзыреттілігі ұғымының аясынан біз мұғалімнің кәсіби қызметін жүзеге асырудағы оның теориялық және практикалық даярлығының біртұтастығы дегенді түсінеміз. Л.Ю.Кривцовтың айтуы бойынша, кәсіби құзыреттілік бұл – маманның интегративті сапасы [4,97].

Педагогтің кәсіби құзыреттілігінің құрылымы оның педагогикалық дағдылары арқылы ашылады. Бұл ең алдымен, педагогикалық қызметтің функцияларымен сәйкес келеді және белгілі бір мөлшерде мұғалімнің (оқытушының) жеке-психологиялық ерекшеліктерін айқындайды.

А.И.Щербаков пен А.В.Мудрик мұғалімнің дидактикалық дағдыларын 3 негізге әкеп тірейді:

- 1) мұғалімге таныс білімдерді жеткізе алу және жаңа педагогикалық жағдаят жағдайында оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдерін білу;
- 2) әрбір педагогикалық жағдаятқа жаңа шешімдер таба білу;
- 3) педагогикалық білімдер мен идеялардың жаңа элементтерін тудырып, белгілі бір педагогикалық жағдаяттарды шешуде жаңа мысалдарды сұрыптай білу [6,73].

Зерттеулер көрсетіп отырғандай, педагогикалық міндеттің қамтылу деңгейіне қарамастан оны шешу үдерісі «ойлау-әрекет жасау-ойлау» үштігін құрайды. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің моделі оның педагогикалық қызметке теориялық және практикалық тұрғыдан даярлығының бірлігін білдіреді. Педагогикалық қызметке теориялық дайындықтың мазмұны педагогикалық тұрғыдан ойлай алудан көрініс табады, бұл педагогтің бойында аналитикалық, прогностикалық, проективтік, сондай-ақ рефлексивтік дағдылардың болуын алға тартады. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі мен педагогикалық шеберлігінің ара қатынасы қандай? Өз кезінде бұл сұраққа А.С.Макаренко жауап бере білді.

Дағдылар мен біліктіліктерге негізделген педагогикалық шеберлік А.С.Макаренконың ойынша, – бұл тәрбие үдерісін білу, оны

құра алу дағдысы, қозғалысқа келтіру. Педагогикалық шеберлік негіздері әрбір педагогтің бойында қалыптасуы мүмкін, бұл шеберліктің шыңына көтерілу мүмкіндігін береді. Қорыта келгенде, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі дегеніміз табысты педагогикалық қызмет үшін қажетті кәсіби және жеке сапалардың жиынтығы.

Жоғарғы деңгейде педагогикалық қызметті, педагогикалық қарым-қатынасты жүзеге асырып, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде жоғары нәтижелерге қол жеткізген адамды кәсіби құзыретті мұғалім деп танимыз. Қорыта келгенде, кәсіби құзыреттілікті дамыту – бұл шығармашылық жекелікті дамыту, педагогикалық инновацияларды қабылдауға деген қабілеттілікті қалыптастыру, өзгермелі педагогикалық ортаға бейімделу мүмкіндігі.

Қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мұғалімнің біліктілігі мен кәсібилігін, яғни оның кәсіби құзыреттілігін арттыру қажеттігін көрсетіп отыр. Заманауи тұрғыдан білім берудің негізгі мақсаты – тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өзекті және келешектегі қажеттіліктеріне сәйкес келу, қоғамда, еңбек қызметінің бастамасында әлеуметтік бейімделуге даяр тұратын өз елінің жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Ал еркін ойлай алатын, өз қызметінің нәтижелерін болжай алатын және оқу үдерісін жандандыра білетін педагог қойылған мақсаттарға жетудің кепілгері болып саналады. Сондықтан қазір білікті, шығармашылық тұрғыдан ойлай алатын бәсекеге қабілетті мұғалімдерге деген сұраныс күрт артып отыр. Заманауи талаптарға сүйене отырып, педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытудың төмендегідей негізгі түрлерін атап өтуге болады:

- Әдістемелік бірлестіктердегі, шығармашылық топтардағы жұмыс;
- Зерттеушілік қызмет;
- инновациялық қызмет, жаңа педагогикалық технологияларды игеру;
- Педагогикалық тұрғыдан қолдаудың әртүрлі формалары;

- Педагогикалық байқаулар мен фестивальдарға белсенді қатысу;  
- Жеке педагогикалық тәжірибесімен алмасу;  
- АКТ (ИКТ, Information and Communication Technologies) және басқаларын қолдану.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Энциклопедический словарь. – М., 1981.  
2 Словарь иностранных слов и выражений /Авт.-сост. Ес: с: Зенович. – М., 2000.

3 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М., 1987.

4 Занина Л.В., Меньшикова Н.П. Основы педагогического мастерства: Учеб. пособие. – Ростов н/Д, 2003.

5 Рогов Е.И. Учитель как объект психологического исследования.

6 Щербаков А.И., Мудрик А.В. Психология учителя //Возрастная педагогическая психология /Под. Ред. А.В.Петровского. – М., 1991.

УДК: 37.022:81

*А.Н. ЖОРАБЕКОВА*  
*[ainur-zhorabekova@mail.ru](mailto:ainur-zhorabekova@mail.ru)*

*Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясауи*  
*(Туркестан, Казахстан)*

### **ТЕХНОЛОГИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НА ОСНОВЕ ПОЛИЛИНГВАЛЬНОГО ПОДХОДА**

#### *Аннотация*

В данной статье рассматривается разработанная автором технология формирования профессиональных компетенций будущих учителей на основе полилингвального подхода. Данная технология включает три этапа: начального, основного и заключительного, в ходе которых решаются задачи формирования общеязычных и профессионально-язычных компетенций, общепедагогических компетенций и компетенций, связанные с профессиональной педагогической деятельностью в школе.

*Ключевые слова:* технология, формирование профессиональных компетенций, будущие учителя, полилингвальный подход.

#### *Аңдатпа*

Бұл мақалада полилингвалды тұғыр негізінде болашақ мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың авторлық технологиясы берілген. Берілген технология бастапқы, негізгі және қорытынды кезеңдерден тұрады. Әр кезеңді жүзеге асыру барысында жалпы тілдік және кәсіби-тілдік құзіреттіліктері, жалпы педагогикалық құзіреттіліктері мен мектептегі кәсіби педагогикалық іс-әрекетпен байланысты құзіреттіліктерін қалыптастыру мәселелері шешіледі.

*Түйін сөздер:* технология, кәсіби құзіреттерін қалыптастыру, болашақ мұғалімдер, полилингвалды тұрғы.

#### *Annotation*

This article concerns the technology developed by the author of formation of future teachers' professional competences on the basis of polylingual approach. This technology consists of three

stages: primary, basic and final, during which there are solved the problems of formation general language and professional-language competence, general pedagogical competences and competences related to professional teaching activities at school.

*Keywords:* technology, formation of professional competences, future teachers, polylingual approach.

**В** Государственной программе развития образования Республики Казахстан повышение качества профессионального образования рассматривается актуальной проблемой не только для Казахстана, но и всего мирового сообщества. Решение этой задачи связано с модернизацией содержания образования, оптимизацией способов и технологий организации образовательного процесса и переосмыслением цели и результата образования, от качества которого зависит и уровень подготовки специалистов [1].

В первую очередь данные преобразования касаются системы профессионального педагогического образования, которая должна обеспечить общество образованными, высококвалифицированными, компетентными специалистами, способными реализовать в практической деятельности требования XXI века, готовыми к диалогу и сотрудничеству, обладающими диалогической, информационной и нравственной культурой, способных к самостоятельному принятию ответственных решений в полилингвальной среде. То есть, основной целью образования становится необходимость освоения выпускниками высшей школы универсальных компетенций, которые позволят студентам стать мобильными в современном мире, выбирать траектории своего профессионального роста, находить свое место в образовательной среде для творческой самореализации, самостоятельно добывать, анализировать и эффективно использовать информацию.

Успешность решения этой проблемы во многом зависит от внедрения в образовательный процесс современных продуктивных технологий обучения, позволяющих существенно повысить уровень практического владения языком. Уметь учиться, интенсивно учиться по нашим заключениям – это особенно важно

сегодня, когда происходит смена концепции образования: от обучения на всю жизнь к обучению через всю жизнь. Отсюда, задача образовательных учреждений сегодня заключается не столько в передаче информации, сколько в том, чтобы научить человека самостоятельно и постоянно учиться, решать жизненные и профессиональные проблемы, иметь устойчивую жизнеспособность. Для этого необходима такая организация обучения, которая предусматривает, прежде всего, возможность вовлечения каждого студента в активный познавательный процесс, причем не процесс пассивного овладения знаниями, а в активную познавательную деятельность каждого студента, применения им на практике этих знаний с помощью методов обучения. Отсюда система подготовки будущих учителей к формированию профессиональных компетенций на основе полилингвального подхода предполагает решение именно такой задачи.

Формирование профессиональных компетенций реально возможно в процессе педагогической подготовки будущих специалистов в вузе. Поскольку, именно в процессе профессиональной подготовки учителя происходит наряду с сознательным прочным усвоением изучаемого материала, формирование умений и навыков самостоятельного приобретения и использования полученных знаний в практической деятельности [2].

Разрабатывая технологию поэтапной подготовки будущих учителей к решению педагогических задач и формирования профессиональных компетенций на основе полилингвального подхода, мы опирались на возможности учебных дисциплин, педагогической практики.

Эффективность подготовки студентов к осуществлению оптимальной целенаправленной педагогической деятельности в школе на

основе полилингвального подхода, зависит от того, насколько полно использовались возможности учебных дисциплин, с точки зрения их вклада в овладение будущими учителями знаниями и способами воздействия с объектом профессиональной деятельности, в формирование и развитие их профессиональных умений и навыков.

Мы определили, что процесс профессиональной подготовки студентов к решению педагогических задач на основе полилингвального подхода протекает в три взаимосвязанных этапа: начального, основного и заключительного (рисунок 1).

На первом этапе реализации полилингвального подхода в формировании профессиональных компетенций будущих учителей решаются задачи формирования общеязыковых

и профессионально-языковых компетенций. Формируются установки на профессиональное содержание средствами языковых курсов.

На данном этапе в процессе изучения обязательных дисциплин общеобразовательного цикла «Казахский (русский) язык» и «Иностранный язык», изучение, которых начинаются с первого семестра, а также обязательных дисциплин базового цикла «Профессионально-ориентационный казахский (русский) язык» и «Профессионально-ориентационный иностранный язык», являющиеся логическим продолжением на третьем семестре, формируются следующие компетенции:

- способность извлекать из текста необходимой информации, описывать её и интерпретировать с целью использования в процессе учебно-профессионального общения;




Рисунок 1 – Этапы формирования профессиональных компетенций на основе полилингвального подхода

- способность к владению профессиональной терминологией на казахском (русском), иностранном языках;

- способность к владению психолого-педагогической корректной устной и письменной речью в рамках профессиональной тематики на казахском (русском), иностранном языках;

- готовность вести диалог, переписку, переговоры на казахском (русском), иностранном языках в рамках уровня поставленных задач;

Особенности данного этапа является то, что преподавание языковых дисциплин ориентируется на профессиональное содержание учебных материалов. Студенты, изучая языки, овладевают профессиональной терминологией, анализируют аутентичные тексты, готовятся к деловому профессионально-коммуникативному общению.

Наиболее эффективные методы реализации задач данного этапа: упражнение, обучение в сотрудничестве, метод проектов, метод конкретной ситуации, метод кейс-стади (cases study), метод ассоциограмм (mindmapping), тестирование, дискуссия, устные и письменные презентации, имитационные деловые игры, анализ профессиональных текстов и др.

На втором этапе полилингвальный подход реализуется для формирования общепедагогических компетенций будущих учителей. Нами предлагается два элективных курса, которые основаны на интегративном обучении языку и предмету: «Основы дидактики» (на английском языке) и «Методика предметно-интегрированного обучения».

При изучении элективного курса «Основы дидактики» (на английском языке) у студентов формируются такие общепедагогические компетенции:

- способность проектировать, планировать и организовать учебно-воспитательный процесс;

- способность ориентироваться в педагогических системах и найти эффективное решение педагогических проблем;

- способность управлять учебно-познавательной деятельностью учащихся;

- способность диагностировать и оценивать результативность учебно-воспитательного процесса.

Элективный курс «Методика предметно-языкового интегрированного обучения» нацелен на формирование следующего комплекса общепедагогических компетенций будущих учителей:

- знание и понимание специфики содержания, целей и методов предметно-языкового интегрированного обучения;

- способность реализовать методику предметно-языкового интегрированного обучения;

- способность выбирать наиболее оптимальные модели полилингвального обучения;

- способность организовать учебно-воспитательный процесс на основе предметно-языкового интегрированного обучения.

Данные элективные курсы можно провести такими моделями и методами обучения: тотальная и частичная иммерсия, анализ передового педагогического опыта в аспекте решения задач на основе предметно-языкового интегрированного обучения, работа с литературой, групповая дискуссия, дидактические и деловые игры, имитирующие изучаемые процессы и др.

На третьем заключительном этапе реализации полилингвального подхода формируются компетенции, связанные с реальной педагогической практикой в общеобразовательной школе, а также исследовательские компетенции учебного и научного содержания.

На различных этапах педагогической практики (учебно-воспитательной, учебно-производственной) у студентов формируются следующие компетенции:

- способность организовать педагогическую детальность, реализуя полилингвальный подход;

- способность использовать методы предметно-языкового интегрированного обучения;

- способность ориентироваться в профессиональных источниках информации, учиты-



вать в педагогическом взаимодействии различные особенности учащихся;

- способность проектировать образовательный процесс с использованием современных технологий;

- организовывать внеучебную деятельность обучающихся.

Между тем, педагогическая практика сопровождается выполнением студентами учебно-исследовательской работы (курсовые и дипломные работы/проекты), которые также можно осуществлять на основе полилингвального подхода. Можно практиковать задания для курсовой работы, предусматривающие разработку и практическую апробацию в ходе педагогической практики методик полилингвального обучения отдельных разделов и тем учебного предмета по специальности. Наиболее продвинутые студенты получают индивидуальные творческие задания, например, изучение и обобщение передового опыта предметно-языкового интегрированного обучения конкретных учителей-новаторов и т.п.

Многие студенты, активно занимающиеся научно-исследовательской работой, могут быть привлечены к выполнению исследовательских заданий по проблемам полилингвального обучения под руководством ученых и преподавателей. Студенты, занимающиеся в научных кружках, могут индивидуально или коллективно выполнять исследовательские задания: произвести сбор и анализ научно-методической литературы по проблеме

полилингвального образования, экспериментировать педагогические идеи и т.п. Методы реализации задач третьего этапа: выполнение индивидуальных, коллективных, творческих заданий, учебный эксперимент, педагогическое наблюдение, проведение анкетирования, опроса и др.

Таким образом, предлагаемая нами технология формирования профессиональных компетенций будущих учителей представляет собой поэтапную реализацию полилингвального подхода. На различных ступенях обучения в вузе формирование профессиональных компетенций будущих учителей на основе полилингвального подхода включает этапы формирования общеязычных и профессионально-язычных компетенций, общепедагогических компетенций и компетенций, которые непосредственно связаны с профессиональной педагогической деятельностью в общеобразовательной школе.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы от 07.12.2010 // «Казахстанская правда» от 14.12.2010 г., –№ 338 (26399);

- 2 Шуберт Е.Ю. Формирование у будущих учителей физической культуры готовности профессиональному самообразованию. Дисс...к.п.н. –Алматы, 1994. – 257 с.

Б.Т. ЖУБАТЫРОВА

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
(Ақтөбе, Қазақстан)

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

### *Аңдатпа*

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту жолдары қарастырылған. Сонымен қатар мақала авторы аталған мәселе бойынша ғалымдар мен тәжірибелі педагог мамандардың көзқарастарының психологиялық-педагогикалық негіздеріне шолу жасаған. Балалардың сөздік қорларын дамытудағы кезеңдер қарастырылған. Семантикалық тұрғыдағы тілдік жұмыстар өте маңызды екенін атап өтеді.

*Түйін сөздер:* мектеп жасына дейінгі балалар, даму, балалардың сөздік қоры, лексикалық даму деңгейлері, тілдік жұмыстар, даму кезеңдері, семантикалық маңыздылығы, синонимиялық қатар, антоним-сөздер, балалардың тілін жетілдіру жұмыстары.

### *Аннотация*

В статье рассматриваются пути развития словарного запаса детей дошкольного возраста. Также в статье представлен анализ психолого-педагогических основ исследований ученых и ведущих педагогов. Определены этапы развития словарного запаса детей. Отмечается важнейшая роль речевых работ семантического характера.

*Ключевые слова:* дети дошкольного возраста, развитие, словарный запас дошкольников, уровни лексического развития, речевые работы, этапы развития, семантическая значимость, синонимический ряд, слова-антонимы, работы по совершенствованию речи дошкольников.

### *Annotation*

This article discusses the development of the vocabulary of preschool children. The article presents an analysis of the psycho-pedagogical foundations of research scientists and leading educators. Identify the stages of development of the vocabulary of children. The primary role of the semantic nature of speech.

*Keywords:* children of pre-school age, development, preschool, vocabulary levels of lexical development, voice work, stages of development, semantic significance, synonymous series, words are antonyms, improvement of speech preschoolers.

Сөздік қор мен тілдің дамуы баланың оқуға жетістіктерге жетуіне ықпалын тигізеді. Тәжірибе көрсеткендей, сөздік қоры бай және тілдік даму деңгейі жоғары балалар оқу үрдісінде қиындықтар көрмей, тез оқу және жазу дағдыларын меңгеріп кетеді. Лексикалық даму деңгейлері төмен балалар оқу барысында, адамдармен қатынасқа түсу барысында қиындықтарға тап болады. Лексикалық

даму деңгейлері орташа балалар оқу барысында тұрақсыздықпен айрықшаланады.

Ю.С.Ляховская, Н.П.Савельева, А.П.Иваненко, Е.М.Струнина еңбектерінде көрсетілгендей балалардың оқу барысында қиындықтарға тап болуы сөздік қордың дұрыс дамуымен түсіндіріледі.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер бойынша оқу үрдісінде балалардың 90%

қиындық көреді, олардың ішінде 60% сөздік қордың дұрыс дамымағанымен байланысты.

Д.Б.Элькониннің пайымдауынша, балалардың тілдік дамуы олардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуымен терең байланысты. Алты-жеті жаста балалардың сөздік қорының дамуы, оның одан әрі байи түсуі өте жедел түрде өтеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда ересек топ балаларының тілдік дамуы сөздің лексикалық мағынасын жетілдірумен тығыз байланысты [1].

Сөзді тілдің бірлігі ретінде зерттеу тіл дамыту жүйесінде маңызды орын алады. Осы проблемаға Е.И.Тихеева, А.М.Бородич, Ю.С.Ляховская, Н.П.Савельева, А.П.Иваненко, В.В.Гербова, В.И.Яшина, Е.М.Струнина, А.А.Смаги, А.И.Лаврентьева және т.б. зерттеулері арналған.

Зерттеулерде дәлелденгендей мектеп жасына дейінгі балаларды сөздің семантикалық тұрғыдан дұрыс қолдану үшін, оның түрлі мағыналарымен таныстыру қажет. Баланың сөзді және сөз тіркесін мағынасына, тілдік жағдаятқа қарай дұрыс қолдану дағдысын дамыту, еркін түрде өз ойларын айтуға және айналамен қарым қатынасқа түсуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту жолдарының заңдылықтарын зерттеген, «сөз» ұғымына мінездеме келтірілген зерттеулер бар. Н.А.Стародубова зерттеулерінде сөзді жұмыстардың маңыздылығын ерекше атай отырып, сөзді қарым қатынас, затты суреттеу барысында қолдану – бұл керекті сөзді көп сөздердің ішінен таңдау үрдісі. Әрбір сөз белгілі сөз табына жатады және өзіне тән грамматикалық көрсеткіштері бар.

Ана тілінің сөздік құрамын игеру, Ю.С.Ляховская, Е.М.Струнина, Н.П.Савельева, В.И.Яшина және т.б. зерттеушілердің пайымдауынша, – бұл тілдің грамматикалық құрылымын игеруге, монологтық сөйлеу түрін дамытуға, сөздің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеудің бірден бір мағызды жағдайы. Тілді қарым қатынастың құралы ретінде қолдану сөзбен байланысты. Сөйлеуші

сөз арқылы сөз тіркесін және сөйлемдерді құрастырып, өз ойын білдіреді, тыңдаушы қабылдаған сөздерді жіктеп сөз арқылы ойды түсінеді.

Е.М.Струнинаның пайымдауынша, сөздің мағынасын балалар қоршаған ортамен танысу барысында – арнайы ұйымдастырылған және күнделікті өмірде танысады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын сандық жағынан байытылғаны емес, сапалық жағынан да жетілдірілуі қажет [2].

Психологтар Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин ойында баланың ойлау және сөйлеу қабілеттері практикалық әрекет барысында қалыптасады. Ойлау және сөйлеу қабілеттерінің өзара байланысы әрдайым зерттеу назарында. Л.С.Выготский ұғымдардың қалыптасу проблемасын қарастыру барысында «ұғымды сөзсіз, ойды сөзбен» қарастыруға болмайды [3].

В.И.Яшина, А.И.Лаврентьева сөздік қорды дамытуда сөздерді тақырыптық топтастыру принципін басшылыққа алуды маңызды деп санайды. Тіл бірліктері бір бірімен тығыз байланысты. Сөз топтамалары ең басты бір сөздің аясында топтасады. Сөздік жұмыс барысында (тілдік тәрбиеге байланысты басқа да міндеттерді шешуде), авторлардың ойынша, бала дәл, дұрыс, мәнерлі сөйлегенін қадағалап, соған тәрбиелеу қажет.

Аталған барлық лексикалық жұмыстарға аспектілер О.С.Ушакованың тіл дамыту бағдарламасында көрсетілген. Автордың ойынша, бұл жұмыстар сөздік жаттығулар, шығармашылық тапсырмаларды орындауға бағытталған формаларда өтуі қажет [4].

Ересек топта балалардың сөздік қорының дінгегі қалыптасып, алдағы уақытта айтарлықтай өзгеріске ұшырамайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын зерттеу барысында зерттеушілер белгелі бір аясында баланың сөздік қоры қалыптасатынын атайды:

- тұрмыстық сөздер қоры;
- қоршаған ортамен байланысты сөздер тобы;
- әлеуметтік сөздер қоры.

Аталған бағыттар аясында балалар ең алдымен зат есімдерден: адамға қатысты сөздерді; сын есімнен «үлкен», «кішкентай», «орташа» және т.б. заттың түсін білдіретін: «қара», «қызыл», «ақ», «көк» және т.б.; есімдіктерден «менікі», «мынау», «біздікі» және т.б. сөздерін игереді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілеті дамыған сайын, олардың сөйлеу қорлары тек қана байыт қана қоймайды, сонымен қатар жүйелене түседі. Сөздердің семантикалық топқа бірлесуі өтеді: топтаманың діңгегі мен оны айналасы перифериясы қалыптасады. А.И.Лаврентьева мектеп жасына дейінгі балалардың сөздігін қалыптастыруды ұйымдастырудың төрт жүйелі кезеңін зерттеулерінде көрсетеді.

*Бірінші кезеңде* балалардың сөздік қорын жеке-жеке (20-50) сөздер құрайды. Сөздер өзара жүйеленбеген.

*Екінші кезеңде* балалардың сөздік қоры тез көбейе бастайды. Балалардың жауаптарынан олардың санасында заттардың және құбылыстардың атаулары қалыптасып, жүйеліп топтаса бастағанын байқаймыз. Топтаманың бір сөзін атау бала санасында топтамадағы басқа элементермен ұштасады. Бұл кезеңді А.И.Лаврентьева «жағдаяттық» деп атап, ал топтамадағы сөздерді «жағдаяттық сөздер» топтамасы деп анықтайды.

Алдағы уақытта бала өзбетімен сөздерді топтастырып, орынды қолдана бастайды. Бұл лексикалық жүйенің қалыптасуының *үшінші кезеңі* ретінде сипаттайды. Тақырыптық топтардың ұйымдасуы лексикалық антонимдердің дамуына әкеледі: («үлкен-кішкентай», «жақсы-жаман»). «Үлкен кішкентай» қарама-қарсылығы барлық параметрлік сын есімдермен ауыстырылады: («ұзын-кішкентай», «жуан-кішкентай»), ал «жақсы-жаман» – сапалық – баға сын есімдермен «зұлым-жақсы».

*Төртінші кезең* лексикалық жүйенің даму ерекшелігі – сөздерді ауыстыруды бәсеңдетіп, синонимияның пайда болуы. Балалардың сөздігін жүйелі дамыту өзінің құрылымы бойынша ересек адамның лексико-семантикалық жүйесіне жақындайды [5].

А.И.Лаврентьеваның зерттеу деректері мектеп жасының ересек топ балаларының лексикалық жүйелігін дамыту, бір тақырып аясында сөздігін қалыптастыру мүмкіндігін дәлелдейді.

Балалардың сөздік қорының семантикалық топтамасын қалыптастыруда осы жас ерекшелігін таңдаудың дұрыстығына Е.В.Наумованың зерттеулері дәлел болып саналады. Бұл ғалымның зерттеу негізіне ассоциациялық зерттеу әдісін басшылыққа алған: лексикалық жүйенің дамуы және сөздердің семантикалық алаңын ұйымдастыру балалардың ассоциациялық реакциясының өзгеруінде көрінісін табады. Зерттеуші төрт және алты жасар балалардың осы бағыттағы стимул-сөздерге реакциясы жоғары деңгей көрсеткенін пайымдайды. Айта кетерлік жағдай: алты жасар балалардың қателігі төрт жасар балалармен салыстырғанда көбірек болғаны. Бұл осы кезеңде балалардың сөздің мағынасын игеру құбылыстары, әрекеттері жақсы дамитындығының куәлігі.

Бұл ғылыми болжам бізді зерттеу барысында қызықтырып, анықтауыш эксперимент барысында ассоциациялық әдісті алуымызға септігін тигізді. Таңдауға Н.В.Серебрякованың эксперименталдық зерттеу қорытындыларын сараптау да үлесін қосып, мектеп жасына дейінгі балалардың семантикалық алаңын анықтауда тиімділігі анықтала түсті. Зерттеу барысында осы әдістеменің балалардың сөздік қорын дамытуда құнды әдістеме екенін бекіте түсті. мектеп жасына дейінгі балалардың вербалдық ассоциациясын талдай отырып үш кезеңді сөздердің семантикалық алаңын ұйымдастыруда анықтайды [6].

Бірінші кезең, оның ойынша, семантикалық алаңның қалыптаспағанын сипаттайды. Бала өзінің сезімдік қабылдауына сүйенеді және реакция-сөз ретінде айналадағы заттардың атаулары қолданылады («ит» – «доп»). Бұл кезеңде лексикалық жүйе қалыптаспаған. Сөз мағынасы сөз тіркестерінің мазмұнына кірістірілген. Арнайы орын синтагмалық ассоциациялар («ит – үреді») алады.

Екінші кезең сөздердің семантикалық жағынан бір-бірінен айырмашылықтар бар сөздер-

дің мағынасын игерумен сипатталады, олар өз-ара жағдайлық байланыстағы сөздер қатары. Бұл тақырыптық ассоциалардың басымдылығында көрінісін табады: «үй – төбе», «биік – ағаш» және т.б. Семантикалық алаң әлі де ұйымдастырылмаған, бірақ қалыптасуда.

Үшінші кезеңде ұғымдар, классификациялау, жіктеу үрдісі қалыптасады.

Ассоциалық эксперимент әдісі бойынша мағынасы жағынан жақын, тек бір ғана дифференциалдық белгісімен айрықшаланатын сөздер қолданыла бастайды: («ағаш – қараағаш», «биік – төмен»). Семантикалық алаңның құрылымының дифференциалануы өтіп, сөздердің мағынасына қарай жақындағына және қарама-қайшылығына қарай топтасады. Сөздердің атауларын балалар айналамен танысу барысында игереді. Мектеп жасына дейінгі балалар сөздік қорларын байыту аясында: тұрмыстық, әлеуметтік және айналамен танысу тақырыптарды алдымен игеруі қажет.

Болгар зерттеушісі Ф.Г.Даскалованың ассоциациялық әдіс мүмкіндіктерін қарастырайық. Бұл әдіс ресей ғалымы О.С.Ушакова зерттеулерінде толықтырылып, балалардың сөздік қорларының дамуын талдау үшін енгізілді[7].

Ассоциациялық эксперимент барысында зерттеушілер (А.Р.Лурия, А.А.Леонтьев, О.С.Ушакова, Е.М.Струнина, А.А.Смага, А.И.Лаврентьева және т.б.) мектеп жасына дейінгі балаларға тән келесідей вербалдық ассоциация анықтады:

1. Синтагмалық ассоциация: реакция-сөз және стимул-сөз түрлі сөз таптарына қатысты («ішу – сүт», «сары – гүл», «ағаш – өседі»).

2. Парадигматикалық ассоциация: реакция-сөз және стимул-сөз тек бір ғана дифференциалдық семантикалық қасиетпен айрықшаланады: («ағаш – қараағаш», «мысық – ит», «ыдыс – тәрелке»). Балалар арасында келесі байланады: синонимдік қатынастағы ассоциация («батырлық – қорқақтық»); антонимдік қатынастағы ассоциация сөздері («биік – төмен», «жақсы – жаман») құбылыстар сирек кезігеді.

3. Тақырыптық ассоциациялар. Әдіс мағыналық бала реакциясына қатысты, бір семантикалық алаңмен сипатталады. Реакция-сөз және стимул-сөз бір ғана семантикалық қасиетпен айрықшаланады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың келесідей тақырыптық семантикалық түрлері байқалады:

- объект пен оның мекеніне қатысты («ит – үйшік», «ыдыс – үй»);

- объект пен онымен орындалатын іс-әрекеттер («ыдыс – жуу», «қарындаш – сурет салу»), бұл ассоциалар сирек байқалады;

- заттардың бір қасиеттеріне қарай («көбелек – құс»).

4. Словообразовательные ассоциации. Әдісте меде балалар сөздің түп нұсқасынан оларға жаңа сөздерді құрайды. Бұндай ассоциацияның екі түрі бар: реакция-сөз және стимул-сөз бір сөз таптарына жатады («қоян – көжек», «тез – тезірек», «сөйлейді – әңгімелейді»); және стимул-сөз түрлі сөз таптарына жатады («көңіл – көңілді», «биік – биіктеу», «орман – орманды»).

5. Бір сөздің грамматикалық формалар ассоциациясы. Бұл әдісте реакция-сөздер ретінде сөздің көпше формасы айтылады («үстел-үстелдер», «көбелек-көбелектер»).

6. Фонетикалық ассоциация. Реакция-сөздер мен стимул-сөздер бір бірінен дыбыстық айырмашалыққа ие, олардың арасында семантикалық байланыс жоқ («тұр» – «тұр», «бер» – «бар»). Бұл ассоциалар сирек кездеседі.

7. Кездейсоқ ассоциациялар: реакция-сөздер мен стимул-сөздер арасында мағыналықта, грамматикалықта және дыбыстықта байланыс жоқ («тез – топ», «орман – орындық»). Балалар көбіне айналадағы заттардың атауын атайды. Ассоциацияның осы типі бес-алты жасар балалар арасында кеңінен тараған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қоры дамыған сайын олардың вербалдық ассоциацияларының сипаттамасы да өзгере түседі. Н.В.Серебрякованың зерттеу деректері бойынша, алты-жеті жаста лексикалық жүйе-



нің қалыптасуында, семантикалық алаңды ұйымдастыруда үлкен сапалық серпініс байқалады. Ассоциациялық алаңда парадигматикалық және синтагматикалық реакциялардың қатынасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Бес-алты жасар балаларда синтагматикалық реакция парадигматикалықтан жоғары болып келеді. Олар өте жиі кездеседі. Жеті жаста, керісінше, парадигматикалық реакция синтагматикалыққа қарағанда әлде қайда жоғары [6].

Бес-алты жасар балаларда тақырыптық ассоциациялар кең тараған. Жеті жаста тақырыптық ассоциациялар парадигматикалыққа қарағанда, сирек кездеседі. Бұл жеті жасар балаларда семантикалық алаңның дінгегі (ядрасы) қалыптаса бастағанның куәлігі. Сонымен, балалардың ассоциациялық іздеу реакция стратегиясы жас ерекшелігіне қарай өзгеріп отыратындығы зерттеулерде көрсетілген. Біздің сөздің семантикалық алаңын кеңейтетін жұмыстарды талдауға, тақырыптық ассоциациялар көріністеріне көп назар қоюымыз: бала-бақшада баланың барлық әрекеттері тіл дамыту жұмысымен байланысты, осы орайда ақыл-ой тәрбиесі, танымдық қабілеттерінің қалыптасуы арасындағы сабақтастықпен түсіндіріледі. Ана тіліне үйретуде басты орынды семантикалық мағынасы бар сөзбен жұмыс алса, бала онда айналамен тілдік қатынасқа түскенде, шығармашылықпен пайдалана алады.

Жоғарыда зерттеулеу сараптамасына сүйенсек, семантикалық тұрғыдағы жұмыс-

тар өте маңызды, өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту сөздердің лексикалық мағынасының, олардың қандай жағдайда қолданылуы балаға түсініксіздігі. Ал сөздердің дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру үшін мәтінге сай сөздерді семантикалық таңдау жасауын дамыту қажет. Бұндай даму байланыстыра сөйлеуді жетілдіруге, оның мәнерлігіне септігін тигізеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Эльконин Д.Б. Как учить детей читать. – М.: Педагогика, 1976.
2. Конспекты занятий по развитию речи /О.С. Ушакова, Е.М. Струнина. – М., 1998.
3. Выготский Л.С. Обучение и развитие в дошкольном возрасте Избранные психологические исследования /Л.С.Выготский. – М., 1956. – С. 269.
4. Ушакова О.С. Теория и практика развития речи дошкольника /О.С. Ушакова – М., 2008.
5. Лаврентьева А.И. Система работы над синтаксической стороной речи младших дошкольников: дис.канд.пед.наук. – М.,1998.
6. Серебрякова Н.В. Логопедическая работа по формированию лексики дошкольников со стёртой формой дизартрии: дис.канд.пед.наук. – М.,1996.
7. Ушакова О.С. Диагностика речевого развития дошкольников (3-7 лет) /О.С. Ушакова, Е.М.Струнина. – М., 1998.

*Е. РЫБИНА, М. ДУЙСЕНГАЛИЕВА*

*Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институты  
(Алматы, Қазақстан)*

## **БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӘДЕП: МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ МЕН ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАЛИЗІ**

### *Аңдатпа*

Көптеген елдердің білім беру саласында әр-түрлі оқыту деңгейінде шығармашылық ұрлық орын алады. Орта Азияның академикалық әдепнама зерттеуінің қортындысы бойынша студенттер көшіріп алуды, жалған айтуды қалыптасқан әлеуметтік жағдай деп санайды. Кейбір зерттеу жұмыстары бойынша білім беру саласындағы және өнеркәсіптегі орын алатын әдепсіз қылықтар бір-бірімен байланыс екенін көрсетеді. Әлемдік қоғамдастықта тиісті орын алу үшін қазақстанның білім беру мекемелерінің алдындағы негізгі мақсаты – студенттерді әдепнамалық принциптерге үйрету және жас мамандарды жоғарғы стандарттары бойынша жұмысқа дайындау.

Орта білім мектебінің және жоғары оқу орындарының деңгейлерінде академиялық әдептің салыстырмалы талдауы осы бапта көрсетіледі. Бап студенттер және мектеп оқушыларын әдепті академиялық мінез-құлыққа қосу маңыздылығын білдіреді, сонымен бірге студенттер және мектеп оқушыларының арасында алақол мінез-қылықтары мен алдаушылықпен күресуге мектептер және жоғары оқу орындары үшін практикалық ұсыныстар жүргізіледі.

*Түйін сөздер:* әдеп, білім беру, көшіріп жазу, плагиат.

### *Аннотация*

Плагиат и обман характерные явления для сферы образования и встречаются во многих странах на разных уровнях обучения. По результатам исследований академической этики в Центральной Азии, студенты расценивают списывание и обман как общепринятое социальное поведение. Другие исследования указывают на связь между неэтичным поведением в образовании и в индустрии. Поскольку Казахстан стремится занять уважаемое место в мировом сообществе, перед казахстанскими образовательными учреждениями стоит задача – обучить студентов этическим принципам и подготовить выпускников для работы по высоким стандартам этики. В данной статье приводится сравнительный анализ академической этики на уровнях общеобразовательной школы и высшего учебного заведения. Статья подчеркивает важность приобщения студентов и школьников к этичному академическому поведению, а также приводит практические рекомендации для школ и высших учебных заведений по борьбе с обманом и нечестным поведением среди студентов и школьников.

*Ключевые слова:* этика, образование, списывание, плагиат.

### *Annotation*

Academic dishonesty is endemic for academia and common phenomena for all educational levels in many countries. The results of previous studies on ethical principles in education institutions of Central Asia indicate significant number of students reporting that academic cheating is socially acceptable. The other stream of research suggests a significant relationship between dishonesty in academia and business. While the Republic of Kazakhstan is attempting to find a well-respected place

in the world community, it is becoming a responsibility of the Kazakhstani education institutions to improve the ethical principles of their students and prepare them to work in industry according to high ethical standards. In this article students' perceptions toward academic dishonesty are discussed in a comparative analysis of secondary school and university students. The article emphasizes the importance of educating students about ethical academic behavior and discusses practical recommendations for secondary schools and universities to change student attitudes towards cheating and dishonesty.

*Keywords:* ethics, education, cheating, plagiarism.

Академиялық алдампаздық академиялық ортаға тән болған құбылыс, әрі көптеген елдерде барлық академиялық деңгейлерде орын алатын құбылысқа айналған. Зерттеу нәтижелеріне жүгінсек, жоғары оқу орындарындағы барлық студенттердің 40 және 70 пайызының аралығында өздерінің академиялық жылында алдауға барғандарын айтты [1, 2]. Лэтроп және Фосстың (2000) көрсетуінше орта мектептердегі жоғары класс оқушылары 80 пайызы алдағандықтарын мойындады, солардың 95%-ы алдау үстінде ұсталмаған [3]. Басқа зерттеулерге сүйенетін болсақ, студенттердің 20%-ы бірінші класста алдап бастаған [4]. Ал енді олардың басым көпшілігі алдампаздықта тұрған ешнәрсе жоқ деп ойлайтыны тіпті өкінішті-ақ. Пікіртерімге қатысқандардың 50 пайызы тест сұрақтары мен жауаптарын көшіру тіпті алдампаздыққа жатпайды деп ойлайды.

Орта мектепте жоғары класстарда алдампаздыққа барса, жоғары оқу орнында да алдауға барады деп пайымдағанмыз ойға қонымды. Осы жұмыс арқылы орта мектеп және жоғары оқу орындарындағы академиялық ортада орын алатын алдаушылықтың түрлі іс-қимылдары туралы түсініктерді салыстыруды көздейміз.

Студенттер шпаргалка қолданса, көшірсе немесе басқалардың жұмысын рұқсатсыз пайдаланса, класстастарының қағазынан қарап көшірсе, құжаттарды өзгертіп не бояламаса, алдаса, емтиханда көз бояушылыққа барса, емтихан билеттерін сатып алса, тест немесе тапсырманы орындамағанда жалған сылтау айтса, дерекнамаларды құрастырса, олардың алдампаздық іс-қимылға қатысын білдіреді және осындай іс-қимылдар тарихта мыңдаған жылдар бойы орын алып келеді. Брикманның

(1961) айтуынша, ежелгі Қытайда мемлекеттік қызметке орналасу емтихандарын жүргізгенде бір-бірінен көшірудің алдын алу мақсатында емтихан тапсырушыларды бөлек кабинеттерге отырғызатын болған, оған қоса, кабинетке кіргізбес бұрын емтихан тапсырушыларды тінтіп, тексеріп кіргізетін болған. Ал емтихан барысында көз бояушылық үстінен ұстаған жағдайда емтихан тапсырушыны да, емтихан қабылдаушыны да өлім жазасына кесетін болған [5]. Әйтсе де, көз бояушылық орын ала берген. Бүгінгі таңда қоғамда академиялық алдампаздық жиі орын алатын құбылыс. Зерттеулердің нәтижелеріне жүгінетін болсақ, бүгінгі таң жастарының адамгершілік пен ар-намысты артқа қойып, болашағын алдаумен жақсарту үшін білім бағаларын жасанды түрде көтеруі бұрын-соңды осыншалықты болмаған.

Академиялық алдампаздықты дәл анықтау қиын. Ғылыми әдебиеттерде академиялық алдампаздықтың көпшілік мақұлдаған анықтамасы табылмады. Кей зерттеулерде академиялық алдампаздықты тест үстінде көшіру немесе плагиат (шығармашылық ұрлық) сияқты белгілі бұзушылық орын алған жағдайларға сүйене отырып анықтайды. Ал тағы бір зерттеулерде көз бояушылықты көздейтін немесе алдампаздық пиғылына қарап, академиялық алдампаздықты анықтайды. «Оқу орнындағы парасаттылық туралы политикасын бұзу» сияқты академиялық көз бояушылықтың іс-қимылын анықтайтын одан да кеңірек анықтамалары да кездеседі. Ламберт, Хоган және Бартонның (2003) анықтауынша, академиялық алдампаздық дегеніміз кез-келген академиялық жұмыста студенттің рұқсат етілмеген немесе жол бергісіз жолдарды пайдалануды көздейтін қулық-сұмдықпен алдауы немесе

соған әрекеттенуі. Осы жұмыста біз ресми академиялық жаттығуға қатысты орын алатын кез-келген қулық-сұмдықпен алдауды анықтайтын академиялық алдампаздықтың кеңірек анықтамасын қолданамыз.

Әдебиетте кездесетін академиялық алдампаздықтың түрлері өте көп: плагиат, боямалық, айла, жалған, паракорлық, зиянкестік және профессорлық тәртіп бұзушылықтың неше түрі кіреді. Павеланың (1978) пайымдауынша, академиялық алдампаздықты жалпы төрт түрі бар. *Біріншісі*, тапсырма, тест және т.б. академиялық әрекеттерге қатысты рұқсат етілмейтін материалдарды қолдану арқылы алдау. *Екіншісі*, мағлұматты, сілтемелерді немесе нәтижелерді боямалау. *Үшіншісі*, басқа автордың (адамның, коллективтің, ұжымның, қоғамның және анонимдік авторларды қоса, авторлықтың басқа түрлері) түпнұсқа жұмысын ресми рұқсатсыз иелену, меншіктеу немесе көшіру сияқты плагиат. Ең соңғысы, *төртіншісі*, басқа студенттердің академиялық алдампаздыққа баруына итермелеу немесе көмектесу (немесе септігін тигізу) мысалы: басқа студенттерге өз жұмысын көшіруге беру, тест банкілеріне қолдау көрсету, тест сұрақтарын жаттап алу және т.б.

Саясаткерлер мен мамандар білім берудің сапасы мен академиялық өнегелік туралы мәселелерді көтеруді. ҚР білім және ғылым министрінің орынбасары Ырсалиев Серік атап айтқандай, «2020 жылға дейінгі мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы мектеп білімінің сапасын жақсарту мақсатында оның мазмұнын қайта қарап өзгертуді көздейді». Атақты ұстаз Дмитрий Гуцин өз әріптестері, басқару орган қызметі және заңгерлермен бірлесіп, бірыңғай мемлекеттік емтиханның әділдігі мен адалдығын қамтамасыз ететін шаралар жинағын дайындады. Осы мәселенің маңыздылығына қарамастан, Орта Азияда академиялық алдампаздықты зерттеу жұмыстары шектеулі.

Осы зерттеуде осындай кемшілікті қарастырып, екі түрлі бағытта зерттеу жүргізіледі. **Біріншісі**, Қазақстан академиялық ортасындағы алдампаздықтың түрлі қимылдарын

іздеп-зерттеу. Екіншісі, мектеп оқушылары мен жоғары оқу орын студенттерінің көз бояушылыққа деген көзқарастарын салыстыру.

#### *Зерттеу 1.*

Проанализировав данные анкеты, были получены следующие результаты: у некоторых детей устойчиво-позитивное отношение к труду, культуре и знаниям (подростков отличает трудолюбие, они получают удовольствие от сложной работы; культурные формы по-

ведения, безусловно, лично значимы для подростков в повседневной жизни, им чуждо хамство, они понимают необходимость сбережения культурного достояния; перед вами – любознательные люди, у которых есть устойчивое стремление к познанию нового, они считают, что успешность профессионального роста, карьеры напрямую связана с глубиной знаний, и стремятся к их получению). У большинства детей ситуативно-позитивное отношение – скорее всего, только престижная работа вызывает уважение подростков; они наверняка хотели бы выглядеть «культурными людьми», но не готовы прикладывать ежедневные усилия к этому; подростки могут неплохо учиться, но по своей инициативе вряд ли будут копаться в книгах. Только некоторые ученики по возможности переложат часть своей работы на другого; они – сторонники естественного выражения своих мыслей, чувств, желаний и считают, что культурная огранка только мешает им быть такими, какие они есть; знания носят для них чисто утилитарный характер (выучил, ответил – значит, не нажил неприятностей) – у таких учащихся ситуативно-негативный характер к труду, культуре и знаниям. Радует, что нет учеников с устойчиво-негативным отношением к нравственным нормам.

Можно сделать следующие выводы, что проведенная нами работа не прошла бесследно, у детей повысился интерес к знаниям, повысились уровни познавательных интересов (устойчивость, глубина познавательного интереса, уровень активности и самостоятельности детей по добыванию знаний), расширился кругозор учащихся.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте. – М.: Просвещение, 1983.

2 Шукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. – М.: Просвещение, 1979.

3 Шустова И.Ю., Петренко Е.Л. Классный руководитель, каков он //Классный руководитель, №7. – М., 2002. – С.5-23.

Қ. А. БЕКБЕНБЕТОВА

b\_kazyna@bk.ru

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан)*

## ҚОРҚЫТ АТА – ҰЛЫ КЕМЕҢГЕР

### *Аңдатпа*

Мақалада оғыз заманынан бастау алатын түркі жұртына ортақ ұлы кемеңгер, ойшыл, күйші, абыз Қорқыт Атаға тарихи сипаттама беріліп, оның «мәңгілік өмір» туралы ой-тұжырымдары баяндалады. Қорқыттың мәңгілік өмір туралы толғаныстарының негізінде мәңгілік нәрсе өнер, шығармашылық адамның артында қалатын өшпес ізгі ісі деген терең философиялық ой жатыр. Ұлы кемеңгердің «Қорқыт Ата кітабындағы» жырлары мен оның нақыл сөздері рухани-адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі болып табылады.

*Түйін сөздер:* Қорқыт Ата, «Қорқыт Ата кітабы», аңыз, «мәңгілік өмір».

### *Аннотация*

Статья посвящена общетюркскому мудрецу, философу, великому композитору и сказителю Коркыт Ата. Коркыт пытался разрешить две проблемы: проблему жизни как вечную проблему и проблему существования, то есть вопросы социального порядка как преходящие ценности. Героический эпос «Книга моего деда Коркыта» и слова назидания великого философа являются источником духовно-нравственного воспитания.

*Ключевые слова:* Коркыт Ата, «Книга моего деда Коркыта», легенда, «вечная жизнь».

### *Annotation*

In this article gives a historical description of the Korkyt Ata – sage, philosopher, musician, educator of the Turkic people from the time of Oguzes, explains his idea of «Eternal life». On the basis of the idea of “Eternal life” lies a deep philosophical thought, about what art and oeuvre leaves an indelible mark in the life of man. In the “Book of Korkyt Ata” poems and words of edification of the Great sage are a source of spiritual and moral education.

*Keywords:* Korkyt Ata, «the Book of Korkyt Ata», legend, «Eternal life».

Қорқыт Атаның есімі барша түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінде көне заманнан бері кең танылып, ерекше орынға ие болған есім. Сан ғасырлар бойы асыл мұра болып келе жатқан «Қорқыт Ата кітабы» мен Қорқыттың нақыл сөздері мен аңыз күйлерін зерттеген ғалымдардың еңбектері өз алдына жеке қорқыттану саласының негізін қалыптастырды. Барша түркі жұртына ортақ ұлы тұлғаның мұрасы жайында іргелі зерттеулер жүргізген түрік, әзірбайжан, орыс, башқұрт және қазақ ғалымдары болды.

Күні бүгінге дейін жарияланған еңбектерде Қорқыттың бейнесі мифологиялық және тарихи тұлға ретінде қарастырылады.

Түркілердің орта ғасырлардағы «Кітаби дедем Қорқыт» атты жырында Қорқыт ел ағасы, алыстағыны болжағыш дана қарт есебінде суреттеледі. «Ол дүниедегі бар нәрсені білген, оның айтқан сөзінің барлығы келетін. Ол болашақта болатын, өзгелер үшін құпия сырларды құдай тағаламнан естіп, жұртқа жеткізіп жүрді» [1,1 б.].

Көрнекі ғалым В.Бартоль «Кітаби дедем Қорқыттағы» Қорқыт атаны негізінен,

жыршы деп айтады. «...Бірақ ол ақы үшін бектердің көңілін көтеретін озан емес. Ол қиын - қысталаң жағдайларды ақыл сұрап келетін ханның, бектердің және халықтың дана ақылшысы; кейде ол жорыққа аттанатын батырға өсиет айтады; батырдың семсеріне бата беретін де ол; түріктің «Аталар сөзі» деп аталатын жинағында да ол дәл осылай суреттеледі: мұнда халықтың ақылшысы, ата-бабалар салтын, ру құрылысын сақтаушысы» [2, 117-119 б.]

Әйгілі ойшыл Әлішер Науаи Қорқыт Ата туралы арнайы шығарма жазбаса да: «Түркі ұлысының арасында Қорқыт атадан даңқты, одан асқан кісі жоқ еді. Оның даңқына ешкім тең келемейтін. Өзінен кейінгі көп жылғы келешекті болжап айтқыш данышпан еді, оның таң қаларлық нақыл сөздері осы күнге дейін бар» деген [3, 110 б.].

Қорқыт туралы ой-саналар түркі тілінде де көп кездеседі, соның бірі “Салур баба Құл-Али оглы” тарихы, XVI ғасырда жазылған 730 бетті ұлы шығарма. Бұл қолжазбада Қорқыт VII ғасырда Инал ханның тұсында өмір сүргені жөнінде айтылады.

Қорқыт мұраларымен арнайы шұғылданған ғалымдарымыздың бірі ежелгі жыр-аңыздарын жинақтаушы Ә.Марғұлан. Ол Қорқыт аңыздарын жүйелеп, оның халқымыздың дүниетанымындағы ірі тұлға екендігін көрсете келіп, әдеби-тарихи орнын айқындауға үлес қосты.

Академик, профессор Әлкей Марғұлан Қорқыт туралы: «Қорқыт VII-VIII ғасырларда Сырдарияның бойында жарқын өмір, сүріп, IX-X ғасырларда жырдың кейіпкері мен шығарушысы ретінде ел аузына тарайды. Қорқыттың әңгімесі жай қиялдан шыққан нәрсе емес. Қорқыт бір кездегі қауым тіршілігінде белгілі орын алған атақты адамның бірі. Қорқыт – әл-Фарабидің жерлес атасы. Оның тарихи заманындағы ұстазы. Қай кездегі легендаға айналған адам бейнесін алсақ та, ол бейне бір кездегі тарихи шындықтан туғанына сөз жоқ. Оның ішінде Қорқыттың тарихи адам болғанына ешкім таласпауына тиісті» деп тұжырымдайды [4, 193 б.].

Әбілғазы Баһадур «Түркі шежіресі» атты еңбегінде Қорқыт Инал-Йавы хан басқарған қайы мен салорлардың тайпалық одағында тұрып, Инал ханның уәзірі болып көрсетіледі. Автордың айтуынша, Инал хан Қорқыттың айтқан ақылдарына құлақ асып, айтқындарын орындаған. Хан өлген соң оның орнын басқан Дуйлы-Қайы хан да, әкесі сияқты, Қорқыттан ақыл сұрап жүрді. Дуйлы-Қайы өліп, оның асын бергенде, Қорқыт бектердің басшысы болды. Дуйлы-Қайының Тұман хан атты баласы тұғанда, бүкіл оғыз халқынан балаға ат қойған да Қорқыт еді [5, 83 б.].

Қазақ аңыздарында Қорқыт – бір ғана бақсы емес, көптеген күйлер мен дастандар тудырған тарихи тұлға. Кейін бұл аңыздар ислам санасымен бояла бастаған. Қорқыт жырлары дала поэзиясының басы, сондықтан оның жырлары мен күйлері, аңыздары қазақ халқына да ортақ болып келеді.

Қорқыт жайындағы аңыздарда Қорқытты үш қырынан қарастырады. *Біріншісі*, ол - оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, шаман. Бақсы ұғымына ғалым Ә. Диваев бақсы (бахши) – шағатай сөзі ол балгер, сиқыршы бақсы – ақылшы, ғалым дегенді білдіреді, деп түсінік береді [6, 56 б.].

*Екіншіден*, Қорқыт – күйші, музыкант, алғаш рет қобызға үн бітіріп, қобыз сарынын тудырған адам.

*Үшіншіден*, Қорқыт – эпос айтушысы, әйгілі ұзан, жырау. Оның жырлары – оғыз-қыпшақтардың өмірінен қалған әдеби – тарихи мұра.

Ел арасында Қорқытты өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы деген аңыздар көп тараған. Терең мехнат ойлар, ауыр мехнат азабы мен өлмеуді арман еткен Қорқыт мәңгілік өмір іздеп ел кезеді.

Қорқыт адам тіршілігінің тым қысқалығына, өлім мен опатқа наразы болып, содан құтылудың жолын іздеп, шарқ ұрады, желмаяға мініп шартарапты кезеді. Бірақ, қайда барса да алдынан көр қазып жатқан адамдарды жолықтырады. Бұл кімнің көрі деп сұраса, жер қазғандардың бәрі оған: “Қазып жатқанымыз Қорқыттың көрі” деп жауап қатады. Халық аузындағы тағдырға налығанда, күйінгенде, торыққанда айтыла-



тын “Қайда барсаң да Қорқыттың көрі” деген сөз осыдан қалған.

Дүниенің төрт бұрышын шарлап жер-ұйығын іздеген Қорқыт ата өз туған жері Сырдың жағасына оралады. Су үстіне кілемін жайып, өзі жасаған жер бетіндегі тұғыш күй аспабы – қобызбен күңірене сырлы күй шертіп, іштегі шерін тарқатады. Құдыретті күй сазы лезде дүниені түгел баулайды. Қорқыттың мәңгі тіршілікті мадақтаған күй үніне жан-жануар бітіннің бәрі дария жағасына жиналып, елти құлақ түреді. Қорқыт ата күн демей, түн демей, “Өмір жырын” толасыз тартады. Ажал қанша келседе күңіреген қобыз күйі Қорқытты алдыртпайды. Тек әл жинап алу үшін бір сәт қалғып кеткен кезде ғана ажал астыртын жылан боп кеп, шағып алады.

Бұл-аңыз. Аңыз болса да, пәлісапалық мазмұны терең, өмірсүйгіштік рухы өшпес аңыз. Аңыздағы түркі жұртының өмір мен өлім туралы түсінігінің әдемілігі, өмірге құштар рухының асқақтығы бүкіл әлем ғұламаларын тамсана таң қалдырады. Мәңгілік нәрсе өнер, шығармашылық адамның артында қалатын өшпес ізгі ісі.

М.Әуезов Қорқыттың мәңгілік өмір туралы толғаныстарының негізгі философиялық түйінін аша келіп, оның болашақ ұрпақ үшін дүниетанымдық маңызы зор, мәңгілік мұра екенін атап өткен. Қорқытты мәңгі өмірді іздеген, бақилық болғысы келмеген деген түсінікті, халқына жерұйықты іздеген Асан Қайғымен түсіндіруге болады. Асан Қайғы өз халқы үшін ең қолайлы, ең құнарлы жерді іздегендігі белгілі. Утопиялық көзқарастағы Асан қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты, халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел болуын қалаған [7, 227 б.].

Қорқыттың қобыз жасап, күйге келтіріп, өз өнерін өрістетуінде, өшпес өсиеттерін, жырын жазуда көп сырлар жатыр. Адам арманына рухани құмарлыққа тән тұрған өнерді аяқ асты етпейді. Сан салалы сырлы саз бен қоңыр жел көкке көтерілгенде адам біткенге “ақылыңнан адаспа, бәрің бір бол, қызықты-ынтымақты өмір сүр, бір-біріңмен жауықпа, еркін өмір сүр, бостандыққа бет бұр” деген ойды аңғартары анық.

Сондықтан Қорқыт Ата қалдырған «Мәңгілік өмір» туралы тұжырымдамасы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Мәңгілік ел» ұлттық идеясымен желісімен үндесіп жатуы жайдан-жай болмаса керек. Себебі «Қорқыт Ата кітабының» өзегін құраған мәңгілік өмір тақырыбының қазіргі Қазақстанның ешқашан мызғымайтын елді құру жөніндегі мемлекеттік тұғырнамасымен ғасырлар арқылы үндесіп жатыр. «Мәңгілік Ел» ұлтына, ата-тегіне, руына басқа да ерекшелігіне қарамастан, барша Қазақстан азаматтарын біріктіретін, Ұлт бірлігін одан әрі бекітетін, ортақ мақсатқа жұмылдыратын тұғырлы идея.

Қорқыттың есімі мен өнегесі мың жылдан артық уақыт өтсе де әлі де ұмытылмай, әсері кемімей, әрбір буынның санасына дарып келеді. Қорқыт аңыз-эпсаналары тек қазақ арасында ғана емес, түбі бірге туысқан түркмендер, әзірбайжандар, түріктер арасында да ежелден таныс. Бұл халықтардың әр қайсысы да Қорқыт ата турасындағы әңгімелерді өздерінің төл ұлттық мұрасындай қабылдайды және мақтаныш етеді. Демек, Қорқыт туралы аңыздар барша түркі халықтарына ғасырлар бойындағы рухани байланысын дәнекерлеп келген ортақ қазына деп қарауымызға да болады.

«Қорқыт бейнесі – алып Еуразия құрлығын қоныстанған түркі жұрттарының мәдениеті мен руханиятын сабақтастырып жатқан алтын көпірдің бірі. Халықтың жадында Қорқыт – әрі абыз, әрі жырау, әрі бақсы, әрі ұзан, әрі көріпкел. Ол түркі жұртының ұлық перзенті, ұлы мақтанышы. Қорқыттың мұрасы және ол туралы жыр-аңыздар гуманистік сипаттарға ие, күллі адамзаттық игіліктермен сабақтас. Оның дүниетанымындағы иманбыдық пен ізгілік, қайырымдылық пен бейбітшілік мұраттары тағылымдық-тәрбиелік өзектілігін ешқашан жоғалтпайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Книга моего деда Коркута. Огузкий героический эпос /Пер. Бартоль В. – М. – Л., 1962. – 11 б.



2 В. Книга моего деда Коркута. Огузкий героический эпос /Пер. Бартоль В. – М., Л., 1962. – 117-119 б.

3 Жолдасбеков М. Асыл арна. – А.: Жазушы, 1986. – 110 б.

4 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңызда. – А., 1985. – 139 б

5 Әбілғазы Б. Түрік шежіресі. – А.: Ана тілі, 1992. – 83 б.

6 Дәуренбеков Ж., Тұрсынов Е. Қазақ бақсы-балгерлері. – А.: Ана тілі, 1993. – 56 б.

7 Өуезов М. Шығармалар, 11 том. – А.: Жазушы. – 1969. – 227б.

ӘОЖ 378.091.321:78.082.4

*Д.М. ХАМЗИНА*

*«Астана Опера» Мемлекеттік академиялық опера және балет театры*

## **МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ЛЕКЦИЯ-КОНЦЕРТТІҢ РӨЛІ**

*Аңдатпа*

Өнердің басқа да түрлерімен қоса музыканы қарастыра отырып, адамның шығармашылық әлеуетін анықтауда айтарлықтай нәтижелерге қолжеткізуге, сондай-ақ білім беру сапасын жақсартуға болады. Бұл мақалада, лекция-концерт музыка өнерін зерттеудегі нысандардың бірі ретінде қарастырылады. Лекция-концерттерде оқушылардың интегративті музыкалық-эстетикалық тәрбиесі, өзіндік шығармашылық, яғни табиғаты бойынша әлеуметтік маңызды және қоршаған ортаны тануға, сонымен қатар оны меңгеруге бағытталған жасампаздық үдерісіне тарту арқылы жүзеге асады.

*Түйін сөздер:* музыка, музыкалық тәрбие (білім беру), лекция-концерт, музыкалық шығарма, музыкалық сөйлем.

*Аннотация*

Рассматривая музыку в совокупности с другими видами искусства как мощный стимул выявления и кристаллизации творческого потенциала личности, можно добиться значительных результатов и качественно повысить уровень образования. В данной статье лекция-концерт рассматривается как одна из форм изучения музыкального искусства. Интегративное музыкально-эстетическое воспитание учащихся на лекциях-концертах происходит через вовлечение в процесс собственного художественного созидания, социально значимого по существу и направленного на познание и освоение окружающего мира.

*Ключевые слова:* музыка, музыкальное воспитание, образование лекция-концерт, музыкальное произведение, музыкальное предложение.

*Annotation*

Considering the music in conjunction with other forms of art as a powerful incentive to identify and crystallize the creative potential of the person, can to achieve significant results, and improve education quality. In this article, a lecture-concert is considered as a one form of studying musical art. Integrative musical-aesthetic education of pupils in a lecture-concert is through their own involvement in the process of artistic creation, and socially significant in nature and directed at cognition and acquirement of the surrounding world.

*Keywords:* music, musical education, a lecture-concert, musical work, musical offer.

**Б**алаларға музыкалық тәрбие берудің бір саласы – сыныптан тыс жүргізілетін лекция-концерттер болып табылады. Лекция-концерт оқушыларды өнердің сан-қилы салаларымен, шығармашылығымен, жеке аспапта орындаушы, әнші-күйшілердің өнер жолдарымен жете таныстыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, музыка сабағынан алған мағлұматтары мен тыңдаған музыкаларын әрі қарай терең игеруге жағдай жасайды. Оқушыларға музыканы күйтабақ арқылы жиі тыңдату, мүмкіндік бар жерде өнер қайраткерерін шақырып ұйымдастырылған кездесу кештері, осы бағыттағы өткізілетін лекция концерттерге мектептегі өнерсүйгіш балаларды жиі тартып, қатыстыру, музыка құдыретінжастай ұғынуға, бала жүрегін нәзік те сыршыл және мейірімді болып қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Лекция-концерттің құрылымы, мазмұны, өткізу формасы тыңдаушыларға, олардың дайындық деңгейіне, ал білім беретін мектептерді алатын болсақ, онда ол тікелей балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты болуы тиіс. Әдетте, бірнеше сыныптың оқушыларын біріктіріп өткізуге болады. Әрине, тақырыпқа орай тыңдаушылар жас ерекшелігіне қарай шақырылады. Мысалы, 1-2 сыныптар, 5-6 сынып, 10-11 сыныптар т.б.

Лекция-концерт жүргізуші өздерінің жүргізетін тақырыптарын жақсы біліп қана қоймай, сахнада өзін-өзі ұстау шеберлігіне, дұрыс сөйлей білуге жаттығуы тиіс. Лекция-концерттерді өткізуге әртүрлі мазмұнды тақырыптарды алуға болады. Ол тақырыптар оқушыларға немесе жалпы тыңдаушыларға түсінікті болуы керек. Одан өзге әр аспаптың шығу тарихы өзіне тән ерекшелігі, белгілі бір музыкалық жанрдың дамуы, музыкалық бейнелеу және мәнерлеу мүмкіндігі, музыка тілі т.б. тақырыптарды алуға болады.

Лекция мәтінін құрастыру, оны жеткізе білу стилі тыңдаушыларға, олардың жас ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асырылады. Қалай болғанда да, лектор құрғақ, жаттанды, қабылдауға түсініксіз сөздерді қолданудан аулақ болғаны жөн. Әдеттегідей, дәстүрлік бастамалар да онша қызықтыра қоймайды.

Мысалы: «...Біз бүгін сендерге ...туралы айттып береміз» немесе «Біздің лекциямыз... арналады» т.б.

Егер лекция үлкендерді қызықтырмаса, балаларды тіпті жалықтырып жібереді. Ұлы Шығыс ғұламаларының бірі – Қайкаус өзінің «Кабуснама» атты еңбегінде былай дейді: «...Мәжілісте отырған кезінде ақыл мен аңлап тыңдаушылардың талабын қанағаттандыра біл ...өзіңді әрдайым биік ұста... Сөзің дәмді, өз өнеріңе шебер бол. Сөзің ірі, қабағың салыңқы болмасын. Әрдайым ауыр мақамдарды немесе жеңілін бірсыдырғы қайталамау керек...».

Міне, сондықтан әрбір лекция-концерттің басталуы қалайда тартымды, елең еткізері бар болуы керек. Лекторға ең қиын да күрделі нәрсенің бірі – лекция мәтінін еркін меңгеру; бұл оңай жұмыс емес.

Лектор алдын-ала дайындалған мәтінді бірсыдырғы оқып бермей, оның мазмұнын тыңдаушыларға, өздерімен сұхбаттаса отырып, шебер де, нақты жеткізе білуі тиіс. Ол үшін лекция мәтінін жатқа білуі қажет. Тәжірибеде мынадай жағдайларда кездеседі: егер жазылған лекцияның мәтіні қолда тұрса, лектор қайта-қайта оған қарауға, сол жазылған мәтіннен оқып беруге ұмтылады, ал жаттап алған болса, мәтін сөзін ұмытып қалған жағдайда (егер ол мазмұнына, мәніне терең үңілмей жатталған болса) әрі қарай келесі сөз есіне түскенше тоқтап қалады. Сондықтан, жаттап алған лекция мәтінін өз сөзімен баяндау өте үлкен шеберлікті талап етеді. Француз артисі Ш.Брион айтқандай «Жазылған қағазға қарап сөйлеу бір жағынан дұрыс шығар, бірақ ол суып қалған тамақ секілді» болмауы керек.

Лектор өзінің жазып алған мәтіндеріне, музыкалық шығарма орындалып жатқанда көз жүгіртіп алуына болады. Кейбір цитаталарды жаттамай-ақ, көлемі шағын парақшаларға жазып алып, содан оқып беруге мүмкіндігі бар. Алғашқы кезде лектор өзінің лекция-концертіне пайдаланатын деректерді әртүрлі мақалалардан, естеліктерден, әдеби шығармалардан алып құрастырады. Содан соң орындалатын шығармаларға, тақырыпқа байланысты бір ой мен екінші ойды жалғас-

тыратын сөз байланысын қолдана отырып тұтас лекция-концерттің жобасын жасауы тиіс.

Тағыда бір тоқтала кететін жайт: сөйлемдегі сөзінің мәніне қарай дауыс ырғағын дұрыс қолдана отырып жеткізу. Қандай қызық деректер, мағлұматтар болса да, дауысты бір сарынды шығару, бет-құбылыстың айтылуы әңгіменің мазмұнына қарай өзгермей сол күйінде қалуы тыңдаушыны жалықтырып жібереді.

Тыңдалатын музыкалық шығармалар күйтабақтан орындалса, онда жұмыс едәуір жеңілденеді. Бірақ алдын-ала күйтабақтағы шығарманың орындалу сапасын, техникалық құрал-жабдықтың іске жарамдылығын тексеріп алған дұрыс. Орындалатын шығарманың мазмұны тыңдаушыларға орындаушының сыртқы келбетімен де, сахнада өзін ұстай білуімен де әсер етеді.

Мектептерде тағылымдық лекция жүргізетін мұғалім мына қағиданы есте ұстанғаны жөн:

– ән айтуға әуесқой және домбырамен салатын, домбыра, қобыз үйірмелеріне қатысатын оқушыларды лекция-концерттерге қатыстырып, үлкен өнерге бағыт беру, орындаушылық шеберлігін шыңдау;

– лекция-концерт тақырыбын оқу бағдарламасына, әр сынып оқушыларының талғамдарына, жас ерекшеліктеріне, қабылдау мүмкіндіктеріне сай топтастыра білу;

– лектор тілінің түсінікті, анық, таза болуы;

– концертті талдау, пікір алмасу түрінде жүргізу, аудиторияны сезіну.

Мектепте лекция-концерт ұйымдастыру жұмысына біраз әдістемелік нұсқаулар бере отырып, оның нақтылы іске асырудың бағыт-бағдарын сілтейтін бір лекция-концерттің үлгісін ұсынып отырмыз.

Тақырыбы: МУЗЫКА ТІЛІ (1-3 сынып оқушыларына арналған).

Балалар, сендер музыка сабағында, үйде, теледидарда, радиода музыкалық шығармаларды, әндерді тыңдап, оның сипатын, қандай жанрға жататындығын бірден анықтай аласындар. Енді бір сәт ойланып көріңдерші, күй немесе би, әлде, ән екендігін, музыкалық

бейненің өзіне тән мазмұнын қалай, қандай белгілеріне қарап анықтайсыздар?

– Иә, тосын қойылған бұл сұраққа бірден мүдірмей жауап беру, әрине, қиынырақ. Сондықтан да біздің бүгінгі әңгіmemіз «Музыка тілі» жөнінде болмақ. Мақсатымыз – өмірдің саналуан құбылыстарын музыка арқылы жеткізудің түрлі тәсілдерін саналы түрде түсініп, музыка тілін білуге баулу. Музыка өзінен-өзі пайда бола қалмайды, оны белгілі бір адамдар шығарады. Ал сол сазгерлер шығаратын музыканы құрайтын дыбыстар әр алуан болып келеді. Жіңішке, жоғары, я, төмен, ақырын, қатты тез және жай, бір сарынды немесе секіртпелі, жүрдек немесе баяу, бірте-бірте үдейтін немесе керісінше дыбыс күші бірте-бірте азаятын, т.б. Оның үстіне музыканы шығарушылар белгілі бір шығарманың өзіне тән музыкалық бейнесін айқындай түсу үшін, көркемдей үшін тембр, динамика, ырғақ, екпін, регистр, әуен, гармония, дыбыстардың қозғалыс сазы сияқты мәнерлеу құралдарын қолданады. Халық сазгерлері де өзінің осындай шеберлігімен тыңдаушыға ерекше әсер етеді. Осындай сазгерлердің бірі – қобызға арналған сан алуан күйлердің авторы, шебер орындаушы Ықылас Дүкенұлы. Ол 1843-1916 жылдары арасында өмір сүрді. Ауылдастары оның қобызға табиғаттың, жан-жануар, құстардың дауысына еліктеп салған әртүрлі дыбыс әуендерін таңдана тыңдайтын.

Бір күні Ықылас қобызда қасқырдың ұлығанын орындады. Қобызда ішекті бойлай орындауға болатынын білген Ықылас, қасқырдың дауысын айнытпай салады. Әуелі жалғыс ішекте бір қасқырдың, одан кейін екі, ақырында көп қасқырдың ұлығанын естиді тыңдаушылар. Ол жасаған мұншама шеберлікке таңданбасқа болмайды. Ықыластың ойынын естіген ауыл иттері қобыз үнін, ұлыған қасқырға санап, ауылды айнала шауып, мазасызданған көрінеді. Ықыластың «Жез киік» деп аталатын күйі жайында А.Жұбанов өзінің «Ғасырлар пернесі» атты кітабында былай деп жазады: «Жез киік» – жазық, еркін далаға деген сүйіспеншіліктің күйі. Еркін киіктің екпінді,

шапшаң жүрісі, домбыраның ерекшелігіне мүлдем ұқсамайды. Ықыластың әдістерімен әсерленеді. Жез киікке арнаған күйінде сазгер өз ойын, сезімін бейнелейді («Жез киік» күйі орындалады).

– Балалар күйді тыңдай отырып, қобыз аспабында орындалатын күйді ерекшелігіне назар аударыңдар.

– Мінеки балалар, қылқобыз аспабында орындалған күйді тыңдадыңдар. Қылқобыз – қазақ халқының ежелден келе жатқан ішекті аспабы. Қылқобыз деп аталатын себебі, оған екі ішек тағылған. Ертеде қылқобызды қарағайдан жасаған, пішіні ожау тәрізді болған. Ойылған шанағының төменгі жартысы көнмен қапталады. Қылқобызда орындаушылар аспап ерекшелігін пайдалана білген, оның бірі – дыбыстарға еліктеу. Бұған тамаша мысал бола алатын Қорқыттың «Ұшардың ұлуы» атты күйі (Осы сәтте күдің аңызы айтылып, күй орындалады).

Адамның сөзі секілді музыка да сөйлемдерге бөлінеді. Олар бір-бірінен «тыныс белгілері» арқылы ажыратылады. Шығарманы орындау барысында сөйлемнің мазмұнына байланысты «үтір» немесе «нүкте» қойылатын тұста дем алуға болады.

Музыкалық сөйлемдердегі тыныс белгілерін сезіну және түсіну шығарманы сапа-

лы түрде мәнерлеп орындай білуге дағдыландырады. Музыкалық шығармалар өзінің құрылысы жағынан бір, екі, үш бөлімді болып келеді. Бір бөлімді формада жазылған әндер, бір сипатты білдіреді. Екі бөлімді формада жазылған шығармалар бір-бірінен айрықша екі бөлімнен тұрады. Қазір сендердің назарларыңа «Әлди» атты халық әнін ұсынамыз (ән орындалады).

Музыканың адамның көңіл-күйін білдіріп, табиғаттағы түрлі қозғалыстарды бейнелеуге мүмкіндігі мол. Ал жас ұрпақты жоғары өнерге баулуда лекция-концерттің рөлі маңызды екендігі сөзсіз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Основы музыкального воспитания и образования в школе, В кн.: Эстетическое воспитание школьников. – М., 1974.

2 Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002. – 825 б.

3 Жұбанов А.К. Ән-күй сапары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 479 б.

4 Қобызға қанат бітірген //Ақиқат. Ұлттық қоғамдық саяси журнал, № 5 мамыр. – Алматы, 2007. –Б.79-81.

Л.К. МАМЫТБЕКОВА  
[Lyailya71@mail.ru](mailto:Lyailya71@mail.ru)

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан)*

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА КӨПМӘДЕНИЕТТІ БІЛІМ БЕРУ

*Андатпа*

Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға көпмәдениетті білім беру мәселелері қарастырылады. Көпмәдениетті білім беру бойынша жұмыс жүргізудің үш кезеңі бөліп көрсетіледі.

*Тірек сөздер:* мектеп жасына дейінгі балалар, көпмәдениетті білім беру, тәрбие, тәрбиеленуші, балабақша, педагог т.б.

*Аннотация*

**Поликультурное образование детей дошкольного возраста.** В статье рассматриваются этапы работы по поликультурному образованию детей дошкольного возраста. Даны предполагаемые результаты поликультурного образования и воспитания в дошкольных учреждениях.

*Ключевые слова:* дети дошкольного возраста, поликультурное образование, поликультурное воспитание, детские учреждения, территориальная ориентация.

*Abstract*

**Multicultural education of pre-school age children.** The stages of work on multicultural education of pre-school age children are reviewed in the article. There were presented the expected results of multicultural education and education in preschool.

*Keywords:* pre-school children, multicultural education, multicultural upbringing, child care, territorial orientation.

Балалар кейбір күрделі, сондай-ақ ересектердің мәселелерін түсінуге жастары жете қойған жоқ, олармен саясат, әлеуметтік мәселелер, жоғары азаматтық шындық, ұлттық қарым-қатынастар турасында әңгімелесудің қажеттігі жоқ деген бір кездегі ойлар өткен уақыттың еншісінде қалды. Кейбір ересек адамдардың есептеуінше, баланың нақты өмірлік ұстанымдарды анықтауының аса қажет емес. Бұл дегеніміз уақыт келгенде мақсаттар өз-өзімен айқындалады. Бірақ, уақыт көрсеткендей, бұл үлкен қателік.

Баланы көпмәдениетке тәрбиелеу ерте жастан бастап отбасынан, сондай-ақ қоғамдық мектепке дейінгі тәрбие жүйесінен бастау алады. Бұл жерде ересектер, яғни ата-аналармен тәрбиешілердің атқаратын рөлі ерекше.

Қазіргі білім беру жүйесінде көпмәдениетті кеңістікте тәрбиелеуші және дамытушы тұлға адам болып табылады. Ұлттық өзін-өзі тануға деген сананың күрт артуы, этникалық және этномәдени өзіндік бірдейлестіруге деген ұмтылыс халықтың өз ұлттық мәдениетіне ғана емес, сондай-ақ жақын және алшақ жатқан халықтардың мәдениетіне деген қызығушылығын арттыра түседі.

Әрбір ересек адам балалардың бойында толеранттылықты қалыптастыруға, өзге ұлттардың мәдениетін сыйлауға деген жауапкершілікті түсінулері қажет. Тәрбиелеудің маңызды құралдарына төмендегілерді жатқызуға болады: жеке мысал (личный пример), көркем әдебиет, ауызша халық шығармашылығының туындылары, сөз, сәндік-қол-



данбалы өнер бұйымдары, музыкалық туындылар, әртүрлі ойын түрлері.

Қазақстан Республикасы көпмәдениетті және көпэтникалық қоғамдастыққа жатады, себебі біз көпұлтты мемлекетпіз. Үлкен және шағын этностардың толерантты өмір сүруін қамтамасыз етудің қажеттігі құрал және білім беру саясаты ұстанымы ретіндегі көпмәдениетті тәрбиелеу қажеттігін тудырады. Балабақшалардың педагогтері көпмәдениетті білім беруді әртүрлі ел, халық өкілдерімен тығыз әрекет жасау және әлемдік мәдени білім беру кеңістігіне еруге мүмкіндік тудыратын сананы қалыптастыру мақсатында әртүрлі мәдениетке тәрбиеленушілерді тарту құралы ретінде қарастырады. Бір жағынан, көпмәдениетті білім беру тәрбиеленушілердің өзіндік санасының қалыптасуына әсер етсе, екінші жағынан оларды басқа елдер мен халықтардың этномәдени изоляциясына кедергі жасайды.

Ұлттық мәдениеттер адамзат мәдениетінің негізін құрайды. Егер ерте жастан бастап бала әртүрлі халықтардың мәдениетімен танысатын болса, олардың әртүрлілігі эстетикалық талғамының қалыптасуына әсер ететін болады, ал олардағы біртұтастықты табу өзара түсіністікті жандандыра түседі. Мектепке дейінгі мекеме педагогтерінің күш-жігері мәдени-арнайы стильдерді, коммуникациялық кодтарды және әлеуметтік мінез-құлық модельдерін синтездеуге бағытталған.

Көпмәдениетті білім беру бойынша жұмыстың *бірінші кезеңі* баланы өз халқының мәдениетімен таныстыру, мәдени бірдей ұғымдарды қалыптастыру болып табылады. Адамның өз мәдениетін білуі – өзіндік өмірлік стилін түйсінудің, әртүрлі мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастардың жолын анықтаудың кепілі болып табылады. Бұл кезеңде педагогтер тәрбиеленуші отбасыларының ұлттық құрамына және ұлттық-мәдени қажеттіліктеріне талдаулар жасайды, содан кейін олармен танысу жұмысы жүргізіледі. Балабақша тәрбиеленушілері халық этносымен: халықтық сәндік-қолданбалы өнермен, халық ойындарымен, музыкасымен және музыкалық фольклорымен танысады; дәстүрлі ұлттық

киім үлгілері, тұрмыстық заттар көрнекі құрал ретінде көрсетілуі мүмкін. Әрбір халық шығармашылығының барынша айқын көрінісі ұлттық киімі, көркем ансамблі болып табылады. Әртүрлі халықтардың мәдениетімен таныса отырып, балалар олардың рухани негіздерін біледі. Этномәдениетті ортада баланы дамыта отырып, біз оларды әдемілік пен мейірімділікке, әртүрлі халық мәдениеттерінің қайталанбастығын көруге деген ынтызарлығын арттыруға, өз халқына және өз Отанына деген мақтаныш, құрмет және жақсы көру сезімдерін оятуға талпыныс жасауға басты назар аударамыз.

Көпмәдениетті білім беру бойынша жұмыстың *екінші кезеңі* – біздің республика халықтары мәдениеттер араласуының негізінде балабақшада көпмәдениетті білім беру моделін құру. Мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық шыдамдылық мәселесі туындамайды, бұл аталмыш жас үшін әлі ерте, балалар кез келген мәдениетке бейім келеді. Егер біздің мектепке дейінгі мекемелер туралы айтар болсақ, бұл жерлерде басқа ұлт өкілдері балаларының қазақ тілін меңгеруге деген ашық қызығушылықтары байқалады. Білуге құмарлық танудан, соның ішінде өзге мәдениетті танып, білуден байқалады.

Көпмәдениетті білім беру бойынша жұмыстың *үшінші кезеңі* – аумақтық бағдарлардың алдын алу (преодоление территориальной ориентации). Себебі өз мәдениетін тасымалдаушы бала ашық қоғамда өмірге бейім болуы керек, оның дамуы әлемнің әртүрлі халықтарының мәдениетімен танысуға құрылған ауқымды кеңістікте өтуі тиіс.

Балабақшалар көпмәдениетті білім беру бойынша ауқымды жұмыс жүргізе бастады. Олар өздерінің тәрбиеленушілерін әртүрлі халықтардың мәдениетімен таныстыра бастады. Мектепке дейінгі мекемелерде 3 мәдениеттің: қазақ, орыс және ағылшын негізінде көпмәдениетті білім беру моделі құрылды. Біздің мәдениеттің призмасы арқылы біз балаларды өзге мәдениетпен таныстырамыз. Бұл мәселені шешуде орыс тілі септігін тигізеді, себебі ол біздің халықтар мәдениетінің байланыстырушы звеносы болып табылады.

*Біздің ойымызша, үлкен мектеп жасындағы балаларда көпмәдениеттілікке тәрбиелеудің міндеттері төмендегілер болып табылады:*

1. Балалардың басқа ұлт өкілдеріне (орыстар, қазақтар, татарлар, ұйғырлар және т.б.) қарым-қатынасын сипаттау;

2. Ойындардың мүмкіндіктерін анықтау – әлем халықтары ертегілерінің негізінде ойнатылады және этномәдениетке және оны құрушыларға деген оң көзқарас қалыптастырады;

3. Топтардағы балалардың ұлт санына байланысты фольклорлық ертегілерді нақтылау және сұрыптау ұстанымдарын толықтыру;

4. Балаларда өздерінің және басқа халықтардың мәдениетіне деген эмоционалды оң қатынас қалыптастыратын орыс ертегілерінің және өзге халық ертегілерінің негізінде ойындарды жүргізу әдістемесін даярлау.

Егер оқу бағдарламасын жүзеге асыру барсында балалар туған халқының тарихы, оның мәдениеті және өзге халықтардың мәдениеті туралы білім алатын болса, мектеп жасына дейінгі балалардың мотивациялық-эмоционалды көңіл-күйіне белсенді әсер ететін ойындардан көрінісін табады. Бұл жағдайда көпмәдениетті білімі берудің мақсаттары мен міндеттері толық орындалды деп айтуға толық негіз бар.

*Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі көпмәдениетті білім берудің болжамды нәтижелерін төмендегідей көрсетуге болады:*

1. Балаларда өз ұлтының мәдениетін тану арқылы әлем халықтарына деген оң қарым-қатынасын қалыптастыру. Осының арқасында басқа халықтардың мәдениетінен алынған құндылықтар барынша түсінікті әрі ұғынықты болады.

2. Балаларға педагогикалық әсер ету танымдық, эмоционалды, мінез-құлық компоненттерін дамыту мен көрсетуге бағытталатын болады.

3. Басқа ұлт өкілдеріне деген гуманды қайғырудан бастап шынайы өмірге деген қалыптасқан қарым-қатынасқа дейін эмоционалды оң қатынастарды қалыптастыру.

4. Балалардың басқа ұлт өкілдерінің мәдениеті, тұрмысы жайлы білімдерін кеңейту, өзге ұлт өкілдерінің өздерімен жасты балаларымен қарым-қатынас орнатуларына ықыластарын арттыру.

Көпмәдениетті білім беруді дамытудағы этника аралық және ұлт аралық қатынастарды қалыптастыру күрделі әрі ұзақ үдеріс. Мәдениетаралық өзара әрекетке икемділікті сабақ циклы бойы немесе белгілі бір іс-шаралар сериясының аясында тудыруға болмайды, себебі біздің көпұлтты қоғамда өмір сүруіміздің өзі бізге әрдайым ойлауға, қайта ойлауға және бұрыннан бар мәдени қорымызды кеңейтіп отыруға итермелейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Белая К.Ю. 200 ответов на вопросы заведующей дошкольным садом. – Москва: АСТ, 1997.

2. Оверчук Т.И. Дошкольное образование. – Москва, 2001.

3. Нестеренко А.В. Поликультурное образование: опыт и перспективы развития преемственной модели образования на основе национально-культурных традиций народов России и зарубежных стран /Сборник научных трудов участников 6 межрегиональной научно-практической конференции. – Белгород, 2006.

УДК 373.01

*Г.Т.МУСАБЕКОВА*  
*gulnar.hanum22*

*Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Яссави*  
*(Туркестан, Казахстан)*

*Н.С.МОЛДАБЕКОВА*  
*mold-nura@mail.ru*

*Университет «Сырдария» (Жетысай, Казахстан)*

### **ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛОЖИТЕЛЬНОЙ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ**

#### *Аннотация*

подавляющее большинство детей приходит в первый класс с положительным отношением к учебе. Но проходит совсем немного времени и у части детей падает интерес к школе. Почему это происходит? Как сделать учебный процесс привлекательным на протяжении всего периода обучения? Эти вопросы рано или поздно встают перед каждым учителем, независимо от того, с учащимися какого возрастного периода он работает. В статье рассматриваются пути формирования положительной учебной мотивации у младших школьников.

*Ключевые слова:* формирование, мотивация, положительная учебная мотивация, младшие школьники.

#### *Аңдатпа*

Балалардың көбісінің бірінші сыныпта оқуға деген көзқарасы жақсы болады. Бірақ біраз уақыт өткен соң кейбір балалардың мектепке, оқуға деген қызығушылығы кемуі береді. Бұл неге байланысты? 11 жыл бойы оқу үдерісін қалай қызықты етіп ұйымдастыруға болады? Осы мәселе мұғалімдерді толғандырады. Мақалада кіші мектеп жасындағы балалардың жағымды оқу мотивациясын қалыптастыру жолдары туралы баяндалады.

*Түйін сөздер:* қалыптастыру, мотивация, жағымды оқу мотивациясы, кіші мектеп жасындағы оқушылар.

#### *Annotation*

A lot of children came at first form with positive relationship to education. But after some time among the children fell interest to school. Why is it happened? How can we do the teaching process during the whole education? These questions appeared at every teacher and it is not connected with students of any age period where he/she works. The article is devoted to the way of formation of positive educational motivation at junior students.

*Keywords:* formation, motivation, positive educational motivation, junior students.

Изучением мотивации занимались многие отечественные и зарубежные ученые, психологи и классики педагогики (Божович Л.И., Гальперин П.Я., Леонтьев А.Н., Маркова А.К., Эльконин Д.Б., Выготский Л.С. и др.). Знакомство с исследованиями по данной проблеме помогло нам взглянуть на неё с разных позиций. Ведь за внешне одинаковыми проявлениями отсутствия положительной мотивации к учению часто оказываются совершенно разные причины этого, и они индивидуальны для каждого ребенка. За внешне высоким уровнем отношения к учению могут скрываться мотивы только личного преуспеяния, а за внешне низким - могут стоять большая требовательность к себе, критичность. Понимание этого помогает находить подход к каждому ребенку.

Психолог А.К.Маркова выделяет три уровня развития познавательной мотивации школьников: *широкий познавательный мотив*, то есть направленность на усвоение новых знаний, который характерен для младшего школьника, *учебно-познавательный мотив*, побуждающий к овладению способами добывания знаний, соответствующий подростковому возрасту, и *мотив самообразования*, этот зрелый познавательный мотив должен проявляться в старшем школьном возрасте [1].

В педагогической литературе определяются три основных источника формирования положительных познавательных мотивов деятельности:

- Содержание учебного материала;
- Характер и уровень учебно-познавательной деятельности;
- Отношение учителя с учащимися.

Итак, в формировании мотивации учения важную роль играет **содержание** учебного материала. Необходимо понимать, что содержание каждого урока, каждой темы может быть мотивировано только при выполнении следующих условий:

- учитывать характер потребностей учащихся;
- быть доступным, но и достаточно сложным и трудным;

– опираться на прошлые знания, нести новую информацию;

– направлено на решение проблем познания явлений и объектов окружающего мира, овладение методами этого познания.

Содержание учебного материала усваивается учащимися в процессе *учебной деятельности*. Психологические исследования учебной деятельности показали: для того, чтобы у учащихся выработалось правильное отношение к ней, содержательная её мотивация, её нужно строить особым образом. Изучение каждого самостоятельного раздела или темы программы должно состоять из трех основных этапов, которые, исходя из их назначения, можно назвать так:

- мотивационный;
- операционально-познавательный;
- рефлексивно-оценочный.

На мотивационном этапе ученики осознают, *почему и для чего* им нужно изучить данный раздел программы, что именно они должны выполнить, чтобы успешно решить основную учебную задачу. Этот этап обычно состоит из нескольких учебных действий.

На уроке учитель рассказывает, показывает учащимся, но вся эта информация для некоторых детей незначима: они слушают и не слышат, смотрят и не видят, они заняты совсем иной деятельностью: мечтают, думают о своем. Чтобы эти дети включились в учебную работу, надо создать стимул для усиленного процесса мышления. Такими приемами являются:

Создание учебно-проблемной ситуации, которая вводит учащихся в предмет изучения предстоящей темы программы. Она может быть создана разными способами:

а) постановкой перед учащимися задачи, решение которой возможно лишь на основе изучения данной темы;

б) беседой (рассказом) учителя или учащихся о теоретической и практической значимости предстоящей темы (раздела) программы.

в) рассказом учителя о том, как решалась проблема в истории науки.

г) выполнение практической работы, которая завершается постановкой проблемного вопроса.

Формулировка основной учебной задачи, которая обычно производится как итог обсуждения проблемной ситуации. Учебная задача показывает учащимся, на что они должны направлять свою деятельность в процессе изучения данной темы. Л.С.Выготский писал: «Не может возникнуть ни какой деятельности без наличия цели и задачи, пускающей в ход этот процесс, дающей ему направление». Поэтому, важное условие организации учебной деятельности – подведение учащихся к самостоятельной постановке и принятию учебных задач.

Самоконтроль и самооценка возможностей предстоящей деятельности по изучению темы. После того, как основная учебная задача стала понятна учащимся, намечается и обсуждается план предстоящей работы. Необходимо сообщить время, отпущенное на изучение темы, а также, что нужно знать и уметь для её изучения. Этим создается установка на необходимость подготовки к изучению материала. А некоторые учащиеся могут дать самооценку своим возможностям по изучению темы, указать, какой материал они повторяют и что еще сделают для подготовки к предстоящим урокам.

Весь этот этап изучения темы очень важен для становления мотивации учебной деятельности учащихся. Поэтому нежелательно говорить: «Сегодня мы приступаем к изучению темы...», и сразу переходить к изучению нового материала. Такая «экономия времени» отрицательно сказывается на всем характере учебной деятельности учащихся.

На операционально-познавательном этапе учащиеся усваивают содержание темы программы и овладевают необходимыми учебными действиями. Роль этого этапа в становлении мотивации учебной деятельности зависит от того, будет ли учащимся понятна необходимость содержания, всех учебных действий для решения основной учебной задачи. Для решения этих задач как нельзя

лучше подходит деятельностный метод обучения, который реализуется в развивающих образовательных программах. Суть его состоит с том, учащиеся сами открывают каждое новое знание, обучение ведется в «зоне ближайшего развития» каждого ученика. Основным содержанием такого этапа должно быть моделирование объектов и явлений, а также изучение построенных моделей. При этом деятельность учащихся приобретает творческий, исследовательский характер.

Изучение темы завершается рефлексивно-оценочным этапом. На этом этапе учащиеся учатся анализировать собственную учебную деятельность, оценивать ее, сравнивая результаты с поставленными учебными задачами. Подведение итогов изучения пройденного раздела нужно организовать так, чтобы учащиеся могли испытать чувство эмоционального удовлетворения от сделанного, радость познания нового, интересного. Тем самым будет формироваться ориентация на переживание таких чувств в будущем, что приведет к возникновению потребностей в творчестве, в упорной самостоятельной учебе, то есть к появлению положительной устойчивой мотивации учебной деятельности.

Так, полезно использовать задания типа: «Составьте вопросы или задания, по которым можно проверить уровень усвоения изученной темы». Для сильных учащихся такое задание: «Напишите основные вопросы, пройденные нами в данной теме, и рядом пометьте, как вы этот материал усвоили: хорошо, или не очень хорошо, или слабо усвоили». Для менее способных учащихся можно часть вопросов дать, а их задача отметить уровень усвоения материала. Важно, чтобы контроль и оценка не только устанавливали уровень усвоения программного материала каждым учеником, но и использовались для побуждения его к дальнейшей работе.

Большое место в мотивации младшего школьника занимает отметка. Не все дети начальных классов хорошо понимают объективную роль отметки. Непосредственная связь между отметкой и знаниями устанавливает-



ся лишь немногими. В большинстве случаев дети говорят, что отметка радует или огорчает учащихся и их родителей. Не все дети понимают смысл отметки, но большинство детей хотят работать на отметку. В ситуации столкновения мотивов, когда дети могли сделать выбор: решать задачу на отметку или решать задачу, требующую мыслительной активности, рассуждении, большинство детей выбирают задачу на отметку.

Отметка выражает и оценку знаний учащегося, и общественное мнение о нем, поэтому дети стремятся к ней не собственно ради знаний, а ради сохранения и повышения своего престижа. В связи с этим младший школьник может использовать и неприемлемые пути для получения желаемых отметок, склонен к переоценке своих результатов. По данным Ш.А.Амонашвили, 78% детей начальных классов, получивших разные отметки (кроме «5»), уходят домой из школы недовольные, считая, что они заслужили более высокие отметки, а учителя занизили их. Другие привыкают к своим неудачам, постепенно теряют веру в свои силы и становятся совершенно безразличными к получаемым отметкам.

В связи с тем, что младшие школьники придают такое большое значение отметке, необходимо, чтобы она приобрела другой смысл, чтобы маленький школьник рассматривал ее как показатель уровня знаний и умений. Отметочная мотивация требует особого внимания учителя, так как она таит в себе опасность формирования эгоистических побуждений, отрицательных черт личности.

Формирование мотивов деятельности происходит в процессе осуществления самой деятельности. Иными словами, если ученик не включен в деятельность, то соответствующих мотивов у него не возникает и не сформируется устойчивая мотивация. Чтобы мотивы возникли, укрепились и развились, ученик должен начать действовать. Если сама деятельность вызовет у него интерес, то можно ожидать, что у него постепенно возникнут потребности и мотивы к этой деятельности.

Мотивационная сфера – ядро личности. В начале своей школьной жизни, имея внутреннюю позицию школьника, он хочет учиться. Причем учиться хорошо, отлично. Среди разнообразных социальных мотивов учения, пожалуй, ведущими являются мотивы «доставить радость родителям», «хочу больше знать», «на уроке интересно». Имея знания, ученик получает высокие отметки, которые, в свою очередь – источник других поощрений, залог его эмоционального благополучия, предмет гордости. Когда ребенок успешно учится, его хвалят и учитель, и родители, его ставят в пример другим детям. Более того, в классе, где мнение учителя – не просто решающее, но единственное авторитетное мнение, с которым все считаются, эти аспекты выйдут на первый план.

Большую роль в формировании мотивации учения играют различные формы *коллективной* деятельности на уроке. Её выбор зависит от возраста учащихся, от особенностей класса и учителя.

Опыт показывает, что использование групповых форм обучения позволяет вовлечь в работу всех ребят, поскольку попав в группу одноклассников, которые коллективно выполняют задание, ученик, как правило, не может отказаться выполнять свою часть работы, внося лепту в общее дело. При этом важно правильно организовать работу групп. С этой целью полезно выполнять ряд действий:

- Определить участников групп, обязанности и права каждого члена;
- Объяснить, зачем и почему они будут что-то делать все вместе и в отдельности;
- Поставить конкретные цели, которые должны быть всем понятны и приняты ими;
- Выявить предмет деятельности;
- Продумать способ решения задачи: репродуктивный, частично-поисковый, исследовательский методы работы;
- Определить правила совместной работы и меры воздействия за их нарушение.

Такая организация учебной деятельности на уроке не только создает благоприятные условия для усвоения знаний, но и формирует

учебно-познавательные мотивы, которые оказывают большое влияние на формирование мотивации.

Нельзя не коснуться значения оценки для формирования положительной мотивации учебной деятельности. Важно, чтобы главным в оценке работы ученика был качественный анализ этой работы, подчеркивание всех положительных моментов, продвижений в усвоении учебного материала и выявление причин недостатков. Балльная отметка должна занимать в оценочной деятельности учителя второстепенное место. Особенно это важно помнить в период безотметочного обучения.

Еще один источник формирования мотивации лежит в *отношениях учителя с учащимися*. Основное направление деятельности учителя в данном случае заключается в создании атмосферы эмоционального комфорта в процессе учения, обеспечении доброжелательных отношений в коллективе, в проявлении по отношению к учащимся педагогического оптимизма, который заключается в том, что учитель ожидает от каждого ученика высоких результатов, возлагает на учащихся надежды и верит в их способности. Но проявляя доверие к силам и возможностям учащихся, в тоже время показывает недостатки в развитии личности, а не только его достижения. И, конечно, учитель сам должен быть личностью с ярко выраженным интересом к своей деятельности, любви к педагогической профессии, тогда он может воздействовать на своих учеников и собственным примером.

Итак, путей формирования положительной мотивации учебной деятельности несколько. И для становления мотивации важно использовать не один путь, а все пути в определенной системе, потому что ни один из них не может играть решающей роли для всех учащихся. То, что для одного ученика является решающим, для другого может им не быть. А в комплексе все пути достаточно эффективное средство формирования мотивации учения у школьников.

В младшем школьном возрасте имеются свои положительные и отрицательные стороны мотивации учения, которые необходимо учитывать при организации образовательного процесса.

При формировании мотивации учения нужно использовать общее положительное отношение ребенка к школе, широту его интересов, любознательность, а также непосредственность, доверчивость младших школьников, их веру в авторитет учителя и готовность выполнять любые его задания. Однако нужно учитывать, что интересы младших школьников неустойчивы, сами по себе долго не поддерживают учебную деятельность, быстро удовлетворяются и без поддержки учителя могут угасать. Кроме того, интересы ориентируются не на способы учебной деятельности, а на результат учения, ведь именно он оценивается отметкой, а это часто не формирует интерес к преодолению трудностей в учебной работе.

В своей деятельности учителю начальных классов нужно не только учитывать основные пути формирования мотивации учения, но и активно использовать различные приемы и методы стимулирования учащихся. Условно их можно разделить на четыре группы:

Эмоциональные (создание ситуации успеха, поощрение и порицание, создание ярких наглядно-образных представлений, стимулирующее оценивание).

Познавательные (опора на жизненный опыт, свободный выбор заданий, поиск альтернативных решений, выполнение творческих заданий, предъявление заданий «на смекалку», создание проблемных ситуаций).

Волевые (познавательные затруднения, предъявление учебных требований, самооценка своей деятельности и коррекция, информирование об обязательных результатах обучения, рефлексия поведения).

Социальные (создание ситуаций взаимопомощи, сотрудничества, взаимопроверка).

Для более успешного формирования мотивации необходимо вести наблюдения за развитием познавательных интересов у учащихся на уроках по нескольким критериям:

